



BAITEREK



KAZYNA
CAPITAL
MANAGEMENT

Жылдық есеп

21

Мазмұны

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі	2
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма Төрағасының үндеуі	4
I. ҚОҒАМ ТУРАЛЫ	8
1.1. ҚКМ даму тарихы	10
1.2. ҚКМ даму стратегиясы	13
1.3. ҚКМ еншілес ұйымдары	14
1.4. ҚКМ ұйымдық құрылымы	16
1.5. 2021 жылдың негізгі оқиғалары	17
II. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	18
2.1. Жаһандық тікелей инвестициялар нарығы	19
2.2. Қазақстан Республикасының тікелей инвестициялар нарығы	21
2.3. Инвестициялық қызмет нәтижелері	22
2.4. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	37
2.5. Болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар	39
III. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	40
IV. ТҰРАҚТЫ ДАМУ	44
4.1. Әлеуметтік жауапкершілік	47
4.2. Экологиялығы	51
V. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	52
5.1. Эмитенттің корпоративтік басқару жүйесі	53
5.2. Корпоративтік басқару құрылымы	54
5.2.1. Жалғыз акционер туралы ақпарат	55
5.2.2. Директорлар кеңесі туралы ақпарат	56
5.2.3. Директорлар кеңесін қалыптастыру, Директорлар кеңесінің мүшелерін іріктеу процесі	63
5.2.4. Директорлар Кеңесінің қызметіне жүргізілген бағалау туралы ақпарат	63
5.2.5. Басқарма туралы ақпарат	65
5.2.6. Эмитенттің ұйымдық құрылымы	68
5.2.7. Сыйақылар туралы ақпарат	68
5.2.8. Акционерлер	69
5.2.9. Еншілес және тәуелді компаниялар	69
5.2.10. Дивидендтер туралы ақпарат	71
5.2.11. Ірі мәмілелер туралы ақпарат	71
5.2.12. Ақпараттық саясат	71
5.2.13. Ішкі бақылау және аудит	71
5.2.14. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	73
VI. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	76
Глоссарий	81
Инвесторларға арналған ақпарат	81
Қосымша	82



Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Сіздердің назарларыңызға «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (ҚКМ) – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ компаниялар тобына кіретін тікелей Инвестициялар қорлары қорының жылдық есебін ұсынамын.

2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚКМ меншікті капиталының көлемі – 162 млрд теңгені, активтердің көлемі – 214 млрд теңгені құрайды, бұл ретте инвестициялық портфельдің көлемі – 171 млрд теңгені құрайды.

Қазақстандық жобаларға ҚКМ-нің жаңа инвестицияларының көлемі 2021 жылы 36,7 млрд теңгені құрады. Негізінен инвестициялар көлік инфрақұрылымы (12 млрд теңге), агроөнеркәсіптік кешен (12,8 млрд теңге), медиа және ойын-сауық индустриясы (404 млн теңге), IT (1,5 млрд теңге) салаларына, сондай-ақ көлік және логистика, тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі, металлургия өнеркәсібі, құрылыс-монтаж (8,5 млрд теңге) сегментіне бағытталды. Осылайша, ҚКМ қолдауымен 2021 жылы 895 жаңа жұмыс орны құрылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі квазимемлекеттік сектордағы әкімшілік-басқару қызметкерлері мен еншілес ұйымдарды қысқарту жөніндегі тапсырмасын орындау аясында, ҚКМ «QazTech Ventures» АҚ және «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС қоса отырып, қоғамды қайта ұйымдастыру жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша 2021 жылы штат санын оңтайландыру 17%-ды құрады.

Есепті кезеңде жаһандық нарықтың негізгі ойыншыларымен серіктестік орнатылды, бұл ҚКМ-нің тікелей инвестициялар, атап айтқанда, венчурлік қаржыландыру саласындағы құзыретін жақсартуға мүмкіндік береді. Жобаларды іске асыру бойынша сараптаманы біріктіру басым салаларда тұрақты инвестициялық портфельді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, ҚКМ DEG-Deutsche Investitions-und Entwicklungsgesellschaft неміс даму институтымен бірлесіп

Da Vinci Emerging Technologies-Fund III жаңа қорының негізгі инвесторлары болды. Қорды капиталдандыру 67,6 млн АҚШ долларын құрады.

Сондай-ақ, 2021 жылдың қыркүйегінде «Қазақстан – Испания» Іскерлік кеңесінің 6-шы отырысы аясында Испанияның COFIDES қаржылық даму институтымен ынтымақтастық орнатылды. Жобаларды іске асыру жөніндегі сараптаманы испан тарапымен біріктіру технологиялар трансфертіне бағытталған бірлескен жобалардың тұрақты инвестициялық портфельін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, COFIDES компаниясы ЕО аккредиттелген субъектісі бола отырып, аралас қаржыландыру бастамаларының аясында ЕО қаржыландырылуын іске қосуға мүмкіндік береді.

Жауапты инвестициялау қағидаттарын ұстану саласындағы әлемдік үрдістерге және олардың жобалардың тұрақтылығы мен тиімділігіне әсерін бағдарлай отырып, 2021 жылы ҚКМ инвестициялық үдерістерге ESG-стандарттарын интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілді. Жобаларды ESG стандарттарына сәйкестігін бағалау бөлігінде Қоғамның инвестициялық саясатына өзгерістер енгізілді. Жауапты инвестициялау тәжірибесін енгізу институционалдық инвесторлар үшін ҚКМ көрінісін ұлғайтады және «жасыл» жобалар портфельін дамыту үшін қосымша капиталдандыруды тартуға мүмкіндік береді.

2021 жылғы шілдеде Fitch Ratings ҚКМ «Тұрақты» болжамымен шетелдік және ұлттық валютадағы «BB+» эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») растады. Fitch сондай-ақ ҚКМ «AA (kaz)» ұлттық межесі бойынша рейтингісін растады.

Қорытындылай келе, ҚКМ командасы мен серіктестеріне тікелей инвестициялардың динамикалық экожүйесін құруға және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған белгіленген міндеттерді сәтті жүзеге асыруға тілектеспін.

Әділ МҰХАМЕДЖАНОВ

Басқарма Төрағасының үндеуі



Құрметті әріптестер, инвесторлар, серіктестер!

Тікелей инвестициялар нарығын және Қазақстанның ұлттық экономикасын ілгерілету мен дамыту сіздің біздің миссиямызға деген сеніміңізсіз мүмкін болмас еді. ҚКМ жұмысына қосқан үлесіңіз үшін алғысымды білдіремін.

2021 жылы «жауапты инвестициялауға» көшу бойынша тікелей инвестициялар нарығының әлемдік күн тәртібіне сәйкес, ҚКМ инвестициялық процестің барлық кезеңдерінде ESG факторларын енгізу жөніндегі жұмысқа бастамашылық етті. ESG қағидаттарын интеграциялау және байланысты тәуекелдерді мониторингтеу жобалардың тұрақты портфельін қалыптастыруға және институционалдық инвесторлар үшін ҚКМ инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпалын тигізетін болады.

«Жауапты инвестициялау» моделіне толық көшу мақсатында, ҚКМ жауапты инвестициялау қағидаттары бойынша БҰҰ қауымдастығына кіру жөніндегі мәселені пысықтауда. Аталған қауымдастыққа мүшелік ҚКМ-нің жауапты инвестициялау саласындағы ішкі құзыреттерін өсіруге және халықаралық институционалдық инвесторлармен және басқа қаржы ұйымдарымен тәжірибе алмасуға ықпалын тигізеді.

ҚКМ инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде іске асырылуы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және өңірлік инфрақұрылымды дамытуға ықпалын тигізетін жобаларға басымдық беруді жалғастыруда.

Соңғы жылы ҚКМ қатысуымен тікелей инвестициялар қорларымен 36,8 млрд теңге сомасына 10 ірі жоба қаржыландырылды, бұл ретте Қазақстандағы жобалардың үлесі инвестициялық портфельдің 92%-ын құрайды.

Осылайша, ҚКМ бизнес-процестерді жаңғырту және KTK Service компаниялар тобының жүктерін тасымалдау және жеткізу жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі жобаны қолдады. Аталған жобаны қаржыландыру көліктік-логистикалық тасымалдардың жергілікті нарығын дамытуға серпін береді, сондай-ақ көліктік-экспедиторлық сала саласында көрсетілетін қызметтердің географиясын айтарлықтай кеңейтеді.

Сондай-ақ, ҚКМ мен Қазақстанның Даму Банкімен DBK Equity Fund CV тікелей инвестицияларының бірлескен қоры Түркістан қаласындағы «Turkestan Tourism City LTD» ЖК көпфункционалды туристік орталығының құрылысын 13,5 млрд теңгеге қаржыландырды. Жыл сайын Түркістан қаласына 28 мың шетелдік турист келеді. Мамандардың болжамынша, кешен бес жыл ішінде 1 миллионнан астам келушілерді қабылдауды жоспарлап отыр.

Бірлесіп инвестициялау механизмі арқылы Kazakhstan Infrastructure Fund қоры мен TAV Airports компаниясы Алматы әуежайының жаңа халықаралық терминалының құрылысы бойынша жобаны жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларына қаржыландырды, оның ішінде 170 млн – TAV Airports, 27,9 млн – ҚКМ қаражаты болып табылады. Бұдан басқа, осы жобаны іске асыруға жалпы сомасы 450 млн АҚШ долларына жаңа терминалдың құрылысын қаржыландыру үшін несие берушілер консорциумының қарызы тартылды. Консорциумның негізгі қатысушылары Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) түріндегі халықаралық қаржы институттары болды.

Жаңа терминал құрылысы жолаушылар ағынының тарихи көрсеткішін 2030 жылға қарай жылына 14 млн жолаушыға дейін 4 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа халықаралық бағыттар мен рейстер ашылады, әуежай базасында өңірлік көлік-логистикалық хабты дамыту жөніндегі жоба аясында жүк тасымалы ұлғайтылады, сондай-ақ клиенттер үшін көрсетілетін қызметтер мен сервис жақсартылады. Бұдан басқа, құрылыс кезінде ЕАЭО елдерінде баламасы жоқ және Excellence in Design for Greater Efficiencies (EDGE) халықаралық стандарттарының технологиялық талаптарына сәйкес келетін құрылыс және қаптама материалдары пайдаланылатын болады. Бұл терминал ғимаратының энергия тиімділігін 40%-ға арттыруға, су тұтынуды 20%-ға азайтуға және тозуды 20%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, жаңа уақытша және тұрақты жұмыс орындарының саны 2 000-нан асады деп күтілуде, оның 90%-ын қазақстандық мамандар құрайды.

Қолдау көрсету мақсатында, 2021 жылғы қыркүйекте ҚР Үкіметі (ИИДМ атынан), әуежай және несие берушілер консорциумы арасында Үкіметтен қолдау көрсету туралы келісімге (Government Support Agreement, GSA) қол қойылды. Келісім Алматы қаласының маңында балама әуежай салу жоспарларының жоқтығын растайды және тараптарды қоршаған ортаны қорғау және санитарлық аймақты қамтамасыз ету бойынша ұсынылған шараларды іске асыруға шақырады. Бұл келісім Мемлекеттік кепілдік болып табылмайды.

2021 жылғы 27 қазанда Қазына Капитал Менеджмент Жұмыспен қамту жол картасының 2020–2021 жылдарға арналған «Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» үшінші бағыты аясында 12,8 млрд теңге көлемінде дебюттік облигациялық қарыз шығарды. Бұл қаражат АӨК саласындағы жобаларды қаржыландыруға бағытталды.

Венчурлік инвестициялар нарығын дамыту, сондай-ақ елдің стартап қауымдастығын қалыптастыру жөніндегі қызмет аясында 13 болашағы бар жобаға қолдау көрсетілді. Сингапурлық Quest Ventures қорымен бірлесіп іске қосылған Kazakhstan Digital Accelerator акселерациялық бағдарламасынан өту қорытындысы бойынша 10 жоба инвестицияланды.

Quest Ventures Asia Fund II қорымен 500 мың АҚШ доллары ТҚКС және автобөлшектерді іздеу бойынша – STOgram мобильді қосымшасына инвестицияланды. Сондай-ақ, 500 Global (500 Startups) ірі американдық қорымен жасалған ынтымақтастық нәтижелерін атап өткен жөн, ол екі қазақстандық жобаны: 250 мың АҚШ доллары сомасына Adaptiveplus шағын бизнеске арналған мобильді коммерция қосымшасын және 450 мың АҚШ доллары сомасына Clockster HR құралдарымен жұмыс уақытын мобильді есепке алу сервисін инвестициялады.

2021 жылы 7: Enel Russia (Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund C.V. қоры); National Stock Exchange of India (Wolfensohn Capital Partners L.P.); Foundation Wind Energy- I Limited (Islamic Infrastructure Fund L.P.); Foundation Wind Energy- II (Pvt) Limited (Islamic Infrastructure Fund L.P.); Labnet Holding (Kazakhstan Growth Fund C.V.); VIST Group (Ресей-Қазақстан Нанотехнологиялар Қоры); «Z-Invest» ЖШС (Baiterek Venture Fund) жобадан шығу, сондай-ақ Arctic Green Energy China (CITIC Kazyna Investment Fund I L.P.) жобасынан ішінара шығу жүзеге асырылды. Жобалар бойынша орташа табыстылығы (IRR) жылына 13,4% құрады.

2022 жылы ҚКМ экономиканың шикізаттық емес салаларына инвестицияларды тарту, тікелей инвестициялар нарығының барлық саласының қызметін жақсарту, агроөнеркәсіптік кешен мен ШОБ дамыту сияқты индустриялық-инновациялық даму саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі қызметті жалғастырады. Келесі жылы, негізгі инвестициялық қызметтен басқа, ҚКМ кәптивті және портфельдік қорларының командалары жобалар портфелінің күшейтілген мониторингіне және әлемдік нарықтың ағымдағы конъюнктурасын ескере отырып, жобалардан шығудың оңтайлы стратегияларын пысықтауға назар аударады.

Сонымен қатар, ҚКМ өз күшін микро және шағын кәсіпкерлікті, сондай-ақ несиелік серіктестіктерді тарта отырып, агроөнеркәсіптік секторды қаржыландырудың тиімді жүйесін құруға бағыттайды. АӨК секторында қаржыландырудың қолжетімділігін, техникалық жарақтандыру деңгейін және өндірісті қарқынды жолымен тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыратын стратегиялық маңызды міндет болып табылады.

Сөз соңында, «Бәйтерек» холдингі атынан акционерге, тәжірибесі мен жоғары кәсібилігі біздің жылдан жылға серпінді дамуымыздың кепілі болып табылатын компанияның командасына және серіктестеріне алғысымды білдіргім келеді.

Айнұр ҚУАТОВА





Қоғам туралы

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (ҚКМ) – ұлттық экономиканың тұрақты дамуына көмектесу үшін құрылған private equity қорларының қоры.

2007 жылы 15 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Президенті өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында тікелей инвестициялар қорларының қорын құру бастамасын жария етті. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында, «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Директорлар Кеңесімен 2007 жылдың 7 наурызында «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ құру туралы шешім қабылданды.

Халықаралық институционалдық инвесторлармен, тәуелсіз қорлармен және халықаралық қаржы ұйымдарымен серіктестікте ҚКМ тікелей инвестициялар қорларын инвестициялайды және басқарады. ҚКМ қорлары әрі қарай даму және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында экономиканың түрлі секторларындағы компанияларға капитал береді.

ҚКМ серіктестері қатарында – Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (EBRD), Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), Wolfensohn Capital Partners жаһандық тікелей инвестициялар қоры, Mubadala мемлекеттік холдингтік компаниясы, CITIC Group қытай инвестициялық компаниясы, американдық венчурлік 500 Startups қоры, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы ең ірі Quest Ventures қоры, DEG-Deutsche Investitions-und Entwicklungsgesellschaft неміс даму институты, TAV Holding ірі түрік компаниясы және басқалары бар.

Портфельдік қорларды тиімді басқару мақсатында ҚКМ салада көп жылдық табысты тәжірибесі бар халықаралық басқарушы компанияларды тартады. Осылайша, private equity саласындағы халықаралық тәжірибені, инновациялық білімді, жаңа технологиялар мен басқару стратегияларын трансферттей отырып, ҚКМ қаржыландыру құралдарын дамытуға, private equity тұрақты инфрақұрылымын қалыптастыруға және ҚКМ командасының ішкі құзыреттерін арттыруға ұмтылады.

Негізі қаланған сәттен бастап ҚКМ Қазақстандағы тікелей инвестициялар нарығының негізгі ойыншысы және драйвері болып табылады. Бүгінгі таңда, ҚКМ 1 трлн теңгеден астам жалпы капиталдандырумен 16 тікелей инвестициялар қорының қатысушысы болып табылады. ҚКМ құрылымына «Baiterek Venture Fund» АҚ еншілес кэптивті қоры және «BV Management» ЖШС Басқарушы компаниясы кіреді. Сондай-ақ, 2021 жылы венчурлік қаржыландыру және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік бойынша қызметтің негізгі бағыттарын тиімді іске асыру мақсатында, «QazTech Ventures» АҚ акциялар пакеті мен «Kazakhstan Projects Preparation Fund» ЖШС қатысу үлесі ҚКМ берілді.

1.1. ҚКМ даму тарихы

2007

АҚПАН

Қорлар қорын құру тапсырмасымен Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы.

Наурыз

«Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ Директорлар кеңесімен «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ құру туралы шешім қабылданды.

Мамыр

Алматы қаласының Әділет департаментінде «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ мемлекеттік тіркеу жүргізілді.

2008

Маусым

Халықаралық экономикалық форум аясында Санкт-Петербург қаласында Ресейдің Внешэкономбанкi, Еуразиялық Даму Банкі, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, Macquarie Group және Renaissance Group арасында Өзара түсіністік туралы хаттамаға қол қойылды, олар Macquarie Renaissance Infrastructure Fund-қа (қазіргі уақытта Macquarie Russia and CIS Infrastructure Fund) бірлесіп инвестиция салуға ниет білдірді.

Тамыз

International Petroleum Investment Company және Ордабасы корпорациясымен бірге Falah Growth Fund қорына «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның қатысуы туралы шешім қабылданды.

Қазан

National Industries Group Holding Company, CGI Private Equity, The Governing Council of the University of Toronto және басқаларымен бірлесіп «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның қолданыстағы Wolfensohn Capital Partners қорына қатысуы туралы шешім қабылданды.

Желтоқсан

Kazakhstan Growth Fund құруға қатысты Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ басшылығы арасында ниеттер хаттамасына қол қойылды.

2009

Ақпан

Ресейдің Внешэкономбанк, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі, Macquarie Group, Renaissance Group қатысуымен Macquarie Russia and CIS Infrastructure Fund C.V. (MRIF) қорын құру.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Халықаралық Қаржы Корпорациясы (IFC), Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі, Macquarie Group және Renaissance Group қатысуымен Macquarie Renaissance Infrastructure Fund қорының бірінші жабылуы өтті.

Мамыр

CITIC Kazyna Investment Fund I қорын құру бойынша құрылтай құжаттарына қол қойылды.

Тамыз

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкінің қатысуымен Kazakhstan Growth Fund L.P. (KGF) қорын құру.

2010

Сәуір

CITIC Group және Sun Success International Ltd бірлесіп CITIC Kazyna Investment Fund I L.P. (CKIF) қорын құру.

Маусым

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен бірлесіп ADM Kazakhstan Capital Restructuring Fund Қазақстандық қайта құрылымдау қорын құру туралы келісімге қол қою.

Қазан

Қазақстан-Гонконг даму қорын құру туралы келісімге қол қою.

2011

Қараша

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің сенімгерлік басқаруына берілді.

Желтоқсан

Роснано бірлесіп Russian-Kazakhstan Nanotechnology Fund қорын құру.

2013

Мамыр

2013 жылдың тамыз айынан бастап «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ акциялар пакеті «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға сенімгерлік басқаруға берілді.

2014

Мамыр

ҚКМ 100% қатысуымен «Baiterek Venture Fund» АҚ қорын құру.

Наурыз

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Ислам Даму Банкі, Азия Даму Банкі, CIMB Bank Limited, ОПЕК Халықаралық Даму Қоры және Bangkok Bank қатысуымен Ислам инфрақұрылымдық қоры инвесторларының консорциумына қосылды.

Желтоқсан

Verno Capital бірлесіп Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. қорын құру. «BV Management» ЖШС құру.

2015

Сәуір

Жарғылық капиталына Қоғамның қатысу үлесі 50%-ды құрайтын «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның «Almex-Baiterek Fund» ЖШС-ға қатысуы туралы шешім қабылданды.

Мамыр

Kazakhstan Hong Kong Development Fund C.V.-да «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесі «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның қатысуын тоқтату туралы шешім қабылдады.

2017

Қараша

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-мен бірлесіп DBK Equity Fund C.V. қорын құру.

Желтоқсан

Шағын және орта бизнес компаниялары үшін Қазақстанда сауда алаңын құру туралы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ бастамасы.

2019

Наурыз

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «KCM Sustainable Development Fund I» тікелей инвестициялар қорына «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ қатысуының негізгі шарттары бекітілді.

Сәуір

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ мен CITIC Group-тың қатысуымен Eurasian Nurlu (Bright) Investment Fund L.P. қорын құру.

2020

Қаңтар

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен Қуатова Айнұр Саинқызы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Шілде

Fitch Ratings «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-на «Тұрақты» болжамымен шетелдік және ұлттық валютадағы «BB+» эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») берді. Fitch сондай-ақ ҚКМ-ге «AA (kaz)» ұлттық межесі бойынша рейтинг берді.

Қыркүйек

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен өзектендірілген 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.

Желтоқсан

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға «QazTech Ventures» АҚ акцияларын «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ акцияларын төлеуге беру жөніндегі жол картасы мақұлданды.

2021

Мамыр

«QazTech Ventures» АҚ 100% қарапайым акцияларын және «Kazakhstan Projects Preparation Fund» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 97,7%-ын сатып алу.

Шілде

Fitch Ratings «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-на «Тұрақты» болжамымен шетелдік және ұлттық валютадағы «BB+» эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») растады.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ «Самұрық Қазына Инвест» ЖШС және DEG-Deutsche Investitions-und Entwicklungsgesellschaft неміс даму институтымен бірлесіп Da Vinci Emerging Technologies-Fund III жаңа қорының негізгі инвесторлары болды.

Қазан

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Жұмыспен қамтудың 2020–2021 жылдарға арналған жол картасын қаржыландыру аясында 12,8 млрд теңге көлемінде облигациялық қарыз тартты. Облигациялардың бұл шығарылымы дебюттік болып табылады.

1-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҚАЗАҚСТАНДА ТИ МЕН ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ІЛГЕРІЛЕТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ



ҚКМ қаражатының бірлігіне ҚР-ға тартылған инвестициялардың коэффициенті

Жоспар

1,6 кем емес

Факт

2,36

ҚКМ жалпы активтерінен инвестициялық портфелінің үлесі (қазынашылық операцияларды қоспағанда)

Жоспар

67,53%

Факт

77,27%

Портфельді әртараптандырудың немесе кіріс алудың ықтимал мүмкіндігімен ТИ нарығында жаңа бастамаларды іске асыру

Жоспар

2 өлшем бірлігі

Факт

3 өлшем бірлігі



2-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҚКМ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛІН ҰЛҒАЙТУ

Жылына жаңа инвестициялар көлемі (кэптивті қорларды қоса алғанда)

Жоспар

24 828
млн теңге

Факт

36 796
млн теңге



3-СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ: ҰЙЫМНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

ROA, активтердің тиімділігі

Жоспар

0,63%

Факт

0,76%

ROE, жеке капиталдың тиімділігі

Жоспар

0,92%

Факт

1,03%

1.2. ҚКМ даму стратегиясы

ҚКМ миссиясы тұрақты және тиімді басқарылатын компанияларды құра алатын, пайданың тұрақты деңгейін алатын және экономиканың өсуі мен жаңғыртылуына көмектесетін мықты командаларға инвестициялау жолымен Қазақстанда тікелей инвестициялардың экожүйесін дамытуда жетекші рөлмен айналысу болып табылады.

ҚКМ пайымы – ұзақ мерзімді тәуекел капиталын икемді орналастыру және үздік әлемдік тәжірибелерді қолдана отырып, нарықта жетекші компанияларды дамыту мақсатында серпінді ТИ экожүйесін құру, сондай-ақ ұлттық экономиканың тұрақты дамуына белсенді қатысу.

«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы ҚКМ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі шешімімен (№ 11/20 хаттама) (бұдан әрі – Даму стратегиясы) бекітілді.

ҚКМ Даму стратегиясы 2021 жылы қызметтің келесі стратегиялық бағыттары мен негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағытталған.

Мақсаты	Міндеттері	Қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштері
1-стратегиялық бағыты:		
ТИ нарығын және Қазақстанның ұлттық экономикасын ілгерілету және дамыту		
Өңірлік және халықаралық әріптестермен ынтымақтаса отырып, Қазақстанның жоғары инвестициялық тартымдылығы	ТИ әлеуетін инвестицияланатын капитал, байланыстардың іскерлік желісі, ҚКМ қызметкерлерінің тәжірибесі мен білімі арқылы активтер класы ретінде іске қосу	ҚКМ қаражатының бірлігіне ҚР-да тартылған инвестициялардың коэффициенті ҚКМ жалпы активтерінен инвестициялық портфельдің үлесі (қазынашылық операцияларды қоспағанда) Портфельді әртараптандырудың немесе кіріс алудың ықтимал мүмкіндігімен ТИ нарығында жаңа бастамаларды іске асыру
2-стратегиялық бағыты:		
ҚКМ инвестициялық портфелін ұлғайту		
Портфельдік компаниялардың қосымша құнын құруға белсенді қатыса отырып, ШОБ сегментіндегі портфельдік компаниялардың құнын ұлғайту және ҚКМ портфелінің инвестициялық тартымдылығын арттыру	Өңірдегі нарық көшбасшысы болу үшін үлкен әлеуетке ие ШОБ субъектілерін дамыту халықаралық танылған экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық стандарттарға (ESG) негізделген тұрақты бизнесті дамытуға жәрдемдесу	Жылына жаңа инвестициялар көлемі (кэптивті қорларды қоса алғанда)
3-стратегиялық бағыты:		
Ұйымның өнімділігін арттыру		
Операциялық процестерді жақсарту арқылы жоспарланған рентабельділік пен шығынсыздық деңгейін сақтай отырып, ҚКМ үздіксіз қызметін қамтамасыз ету	Әрбір инвестиция бойынша кірістіліктің оң нормасын тәуекелсіз мөлшерлеме деңгейінен жоғары белгілеуге және инвестициялар портфелі құнының жылдық мультипликаторына 1-ден жоғары қол жеткізуге бағытталу Оң операциялық кіріс (ЕБИТ) алу және қосымша капиталды қызметті кеңейту бастамалары үшін ғана пайдалану	ROA, активтердің тиімділігі ROE, жеке капиталдың тиімділігі Лeverидж коэффициенті, арақатынасы
4-стратегиялық бағыты:		
Табыс көздерін әртараптандыру		
Пассивті кіріс көздерін дамыту, мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділікті төмендету және МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларының, стресті активтер мен венчурлік қаржыландырудың жергілікті нарығын дамыту арқылы кіріс және қаржыландыру көздерін әртараптандыру	Жаңа сыртқы қорлар есебінен кіріс және қаржыландыру көздерін әртараптандыру және бөлінбеген пайда мен сыртқы қаржыландыру көздері есебінен меншікті капитал құрылымын күшейту:	ҚКМ жалпы табысынан басқарғаны үшін табыстардың үлесі

2021 жылдың қорытындысы бойынша қызметтің 6 стратегиялық негізгі көрсеткіші (бұдан әрі – ҚСНК) орындалды. 2-ші ҚСНК бойынша орындау мерзімі («Лeverидж коэффициенті», «ҚКМ жалпы табысынан басқарғаны үшін кірістер үлесі») 2022 жылы анықталды.

1.3. ҚКМ еншілес ұйымдары



«Baiterek Venture Fund» (BVF) АҚ 2014 жылы құрылған, ҚКМ 100% еншілес ұйымы болып табылады.

BVF Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторларындағы болашағы бар компанияларға іске қосу, өсу және кемелдену сатыларында тікелей инвестицияларды жүзеге асырады.

BVF ЕҚҚДБ, АДБ және басқалары сияқты танылған халықаралық қаржы институттарымен серіктестікте жобаларды іске асыра отырып, тікелей инвестициялар нарығында белсенді жұмыс атқарады.

Көрсеткіштері	2020 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің барлығы, мың теңге	86 838 752	89 752 973
Міндеттемелердің барлығы, мың теңге	40 322 123	40 339 194
Меншікті капиталдың барлығы, мың теңге	46 516 629	49 413 779
Таза пайда, мың теңге	4 336 555	5 038 764
ROA, активтердің тиімділігі (%)	5,12	5,71
ROE, капиталдың тиімділігі (%)	9,76	11,23



«BV Management» (BVM) ЖШС 2014 жылы құрылған, ҚКМ 100% еншілес ұйымы болып табылады.

BVM Қазақстан экономикасының басым салаларында жұмыс істейтін компанияларға қаржылық қолдау құралдарын ұсынады.

BVM private equity аясында басқарушы компания болып табылады және DBK Equity Fund CV. және KCM Sustainable Development Fund I C.V. қорлары бойынша Бас серіктес ретінде әрекет етеді.

Көрсеткіштері	2020 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің барлығы, мың теңге	226 519	218 685
Міндеттемелердің барлығы, мың теңге	67 595	62 062
Меншікті капиталдың барлығы, мың теңге	158 924	156 623
Таза пайда, мың теңге	59 547	38 467
ROA, активтердің тиімділігі (%)	28,53	17,28
ROE, капиталдың тиімділігі (%)	39,53	24,38

KAZYNA
CAPITAL
MANAGEMENT



«QazTech Ventures» (QTV) АҚ 2003 жылы құрылған «Ұлттық инновациялық қор» АҚ негізінде 2011 жылы «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ құрылды, ол 2019 жылы «QazTech Ventures» АҚ болып өзгертілді.

2021 жылы QTV жарғылық капиталындағы акциялар пакетінің 100% ҚКМ берілді.

QTV технологиялық даму саласындағы ұлттық даму институты болып табылады, Қазақстан Республикасында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

QTV қолдау құралдары қазақстандық стартап жобалары үшін инвестицияларды тарту мақсатында венчурлік қорларды құру және қатысу арқылы венчурлік экожүйені дамытуға және қолдауға бағытталған.

Көрсеткіштері	2020 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің барлығы, мың теңге	17 858 723	18 793 287
Міндеттемелердің барлығы, мың теңге	162 393	324 646
Меншікті капиталдың барлығы, мың теңге	17 696 330	18 468 641
Таза пайда, млрд теңге	852 281	1 368 909
ROA, активтердің тиімділігі (%)	4,49	7,47
ROE, капиталдың тиімділігі (%)	4,54	7,57




«Kazakhstan Project Preparation Fund» (KPPF) ЖШС 2014 жылы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын сүйемелдеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылды, ол 2016 жылы «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС болып қайта аталды. 2021 жылы KPPF жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 97,7% ҚКМ берілді.

Көрсеткіштері	2020 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтердің барлығы, мың теңге	1 684 761	1 370 778
Міндеттемелердің барлығы, мың теңге	109 614	97 325
Меншікті капиталдың барлығы, мың теңге	1 575 147	1 273 453
Таза пайда, мың теңге	(189 077)	(251 694)
ROA, активтердің тиімділігі (%)	(10,79)	(16,47)
ROE, капиталдың тиімділігі (%)	(11,32)	(17,67)


1.4. ҚКМ ұйымдық құрылымы

ҚКМ Басқармасының 2021 жылғы 29 маусымдағы шешімімен (№ 32/21 хаттама) ҚКМ ұйымдық құрылымы бекітілді.



1.5. 2021 жылдың негізгі оқиғалары

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы басқармасының 2021 жылғы 31 мамырдағы шешімімен (№ 28/21 хаттама), ҚКМ «QazTech Ventures» АҚ 100% қарапайым акциялары және «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 97,7%-ы берілді;
- Ақпараттық технологиялар, инфрақұрылым және финтех, B2C/B2B технологиясы және цифрлық автоматтандыру саласындағы жобаларды қаржыландыру мақсатында Da Vinci Emerging Technologies Fund III L.P. тікелей инвестициялар қорын құру туралы шектеулі әріптестік туралы келісімге қол қойылды;
- «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ стратегиялық сессиясы өтті, оның аясында ҚКМ Даму стратегиясы, қызметтің жаңа бағыттары, сондай-ақ Қоғамда тұрақты даму мен ESG стандарттарын енгізу талқыланды;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасымен 2020 жылдың Жылдық есебі бекітілді;
- AxFina Holding S.A. (Австрия) инвестициялық холдингімен Қазақстанда стретсі активтер нарығын дамыту үшін бірлескен кәсіпорынды құру бойынша ҚКМ-мен ниеттестік туралы хатқа (Letter of Intent) қол қойылды;
- Абу-Дабиде (БАӘ) ҚКМ және Abu Dhabi Development Holding Co PJSC (ADQ) бірлескен венчурлік қорды құру үшін қатысудың негізгі шарттарына (Term Sheet) қол қойды. Қордың жоспарланған капиталдандырылуы 100 млн АҚШ долларын құрайды. Қор инвестицияларының 50%-ы Қазақстанға, 30%-ы БАӘ-ге және 20%-ы Орталық Азия елдеріне бағытталатын болады;
- ҚКМ мен испандық COFIDES (Compañía Española de Financiación del Desarrollo) дамытуды қаржыландыру компаниясы индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды сүйемелдеуге, іске асыруға және бірлесіп инвестициялауға қатысты Қоғам мен COFIDES арасындағы әлеуетті ынтымақтастықты талқылау үшін негіз құру мақсатында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.
- ҚКМ 49,5% көлемінде Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V. активтерінде бір бөлігі берілді;
- Enel Russia (Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund C.V. қоры), National Stock Exchange of India (Wolfensohn Capital Partners L.P.), Foundation Wind Energy-I,II (Islamic Infrastructure Fund L.P.), «Labnet» ЖШС (Kazakhstan Growth Fund L.P.), VIST Group (Ресей-Қазақстан Нанотехнологиялар Қоры), «Z-Invest» ЖШС (Baiterek Venture Fund) жобаларынан толық шығуы, сондай-ақ Arctic Green Energy China (CITIC Kazyna Investment Fund I L.P.) жобасынан ішінара шығуы жүзеге асырылды;
- ҚКМ 2020–2021 жылдарға арналған «агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» жұмыспен қамту жол картасының үшінші бағыты аясында 12,8 млрд теңге көлемінде облигациялық қарыз тартты. Қаражат АӨК-дегі 3 жобаны жылына 12% мөлшерлеменен қаржыландыруға бағытталды;
- бірлесіп инвестициялау механизмі арқылы Kazakhstan Infrastructure Fund қоры мен TAV Airports компаниясы Алматы әуежайының жаңа халықаралық терминалының құрылысы бойынша жобаны жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларына қаржыландырды, оның ішінде 170 млн – TAV Airports, 27,9 млн – ҚКМ қаражаты болып табылады.
- Fitch Ratings ҚКМ-ге «Тұрақты» болжамымен шетелдік және ұлттық валютадағы «BB+» эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») берді. Fitch сондай-ақ ҚКМ-ге «AA (kaz)» ұлттық межесі бойынша рейтинг берді;
- тәуелсіз бағалау мәніне 7 жоба бойынша технологиялық сараптама, құжаттаманың техникалық пысықталуы және 2 жоба бойынша, оның ішінде 1 жұмыстағы жоба бойынша қаржылық-техникалық бақылау жүргізілді;
- ҚКМ және ҚКМ компаниялар тобында құрылымдық өзгерістер жүргізілді;
- тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша тұрақты даму саласындағы ішкі нормативтік құжаттар, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі жоспарлар бекітілді.




Операциялық қызмет

2.1. Жаһандық тікелей инвестициялар нарығы

Bain & Company компаниясы ұсынған тікелей инвестициялардың жаһандық нарығын талдауға сәйкес тартылған жеке капиталдың әлемдік көлемі жоғары нәтиже көрсетті. 2021 жылы бұл көрсеткіш 1,2 трлн АҚШ долларына жетті, бұл 2020 жылға қарағанда 14%-ға артық және 2003 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш болып табылады. 2021 жылы сатып алу қорлары 387 миллиард АҚШ долларын

құрады, бұл олардың тарихындағы екінші ең жақсы көрсеткіш болды. Өсу капиталының, венчурлік қорлардың және инфрақұрылым көрсеткіштерінің өсу қарқыны бес жылдағы орташа көрсеткіштермен салыстырғанда тез өсті, ал соңғы бірнеше жылда жалпы көлемдегі сатып алу үлесі 32% деңгейінде тұрақтанды.

1-ДИАГРАММА. ҚОРЛАРДЫҢ ТҮРІ БОЙЫНША ТАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ КАПИТАЛДЫҢ ӘЛЕМДІК КӨЛЕМІ (GLOBAL PRIVATE CAPITAL RAISED, BY FUND TYPE)



Дереккөзі: Bain & Company Global private equity report 2022

2021 жылы шығу құнының әлемдік көлемі 957 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2020 жылдың жалпы көрсеткішінен екі есе артық және бес жыл ішіндегі орташа көрсеткіштен 131%-ға артық. Шығу құнының ең көп көлемі Солтүстік Америка қорларына тиесілі, ал мәмілелердің ең көп үлесі технологиялық секторда жасалды.

2-ДИАГРАММА. ШЫҒУ ТҮРІ БОЙЫНША ҮЛЕСТІ САТЫП АЛУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ШЫҒУ ҚҰНЫНЫҢ ӘЛЕМДІК КӨЛЕМІ (GLOBAL BUYOUT-BACKED EXIT VALUE)




Дереккөзі: Bain & Company Global private equity report 2022

Әлемдік сала COVID-19 салдарынан қалпына келіп, жыл қорытындысы бойынша сатып алу мәмілелері бойынша 1 121 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл 2020 жылға қарағанда 79%-ға артық және бес жыл ішіндегі орташа көрсеткіштен

(682 млрд АҚШ доллары) 64%-ға жоғары. Мәмілелер саны 2020 жылғы 3 700-бен салыстырғанда 2021 жылы 16%-ға 4 300-ге дейін өсті.

3-ДИАГРАММА. ҮЛЕСТІ САТЫП АЛУ МӘМІЛЕЛЕРІНІҢ ӘЛЕМДІК ЖАЛПЫ ҚҰНЫ (GLOBAL BUYOUT DEAL VALUE)



Дереккөзі: Bain & Company Global private equity report 2022

2.2. Қазақстан Республикасының тікелей инвестициялар нарығы


2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көлемі 23,7 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2020 жылға қарағанда 37,7%-ға жоғары (17,2 млрд АҚШ доллары).

2021 жылы капитал ағынының өсуі барлық негізгі инвестор елдер бойынша Қазақстан экономикасына байқалды. Нидерландыдан ТШИ ағыны – 7 млрд АҚШ долларын (35%-ға өсті), АҚШ – 2,8 млрд АҚШ долларын (25%-ға өсті), Швейцариядан – 2,6 млрд АҚШ долларын (49,9%-ға өсті), РФ – 1,9 млрд АҚШ долларын (58,7%-ға өсті), ҚХР – 1,8 млрд АҚШ долларын (92,3%-ға өсті), Бельгиядан – 1,0 млрд АҚШ долларын (35%-ға өсті), Түркиядан – 679,5 млн АҚШ долларын (86,9%-ға өсті), Оңтүстік Кореядан – 805,5 млн АҚШ долларын (73,2%-ға өсті) құрады¹.

2021 жылы ауыл, орман және балық шаруашылығында 2,8 есе, кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласында 2,6 есе өскені байқалды, ақпарат пен байланысқа 80,1%-ға, ал электрмен жабдықтауға 68,3%-ға көбірек инвестиция салынды. Өңдеу өнеркәсібіне салынған инвестициялар да айтарлықтай өсімді көрсетті.

Өткен жылы инвесторлар бұл секторға 2020 жылға қарағанда 2 млрд АҚШ долларына артық қаржы салды, өсім 65,4%-ды құрады.

4-ДИАГРАММА. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТІКЕЛЕЙ ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР



¹ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2.3. Инвестициялық қызмет нәтижелері

31.12.2021 ж. ҚКМ қатысуымен ТИҚ жалпы капиталдандыру

2,9
млрд \$

2021 жылға ҚКМ инвестицияларының көлемі

36,8
млрд ₸

31.12.2021 ж. ҚКМ қатысуымен ТИҚ инвестицияларының көлемі

1,8
млрд \$

Қазақстанға 1 АҚШ долларына инвестиция тартылды, ҚКМ тартылған

2,36

31.12.2021 ж. ҚКМ-нің ТИҚ-қа инвестициялар көлемі

0,6
млрд \$

2021 жылы қаржыландырылды

10
жоба

2021 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ
ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚКМ НЕГІЗГІ
НӘТИЖЕЛЕРІ



16 қоры

ҚКМ қатысуымен тікелей инвестициялар

187
млрд теңге

Кумулятивті жобаларға ҚКМ инвестицияларынан

92%

ҚР экономикасына ҚКМ инвестицияларының пайызы салынды

100%

ҚР-дағы ҚКМ инвестицияларының пайызы шикізаттық емес секторға бағытталған

99
компаниялар

ҚКМ қорлары инвестициялаған

2021 жылдың соңында ҚКМ портфелі 16 ТИҚ-тан тұрды, ҚКМ қатысатын қорлардың кумулятивтік инвестициялар сомасы 1 797 млн АҚШ долларын құрады.

№ р/с	Тікелей инвестициялар қорының атауы (ТИҚ)	Құрылған жылы	Көлемі (млн. АҚШ доллары)	Қор бойынша ҚКМ міндеттемелерінің көлемі (млн АҚШ доллары)
1.	Aureos Central Asia Fund L.L.C. (ACAF)	2007	37	5,3
2.	Falah Growth Fund L.P. (FGF)	2008	500	50
3.	Wolfensohn Capital Partners L.P. (WCP)	2008	250	24,9
4.	Kazakhstan Growth Fund L.P. (KGF)	2009	80,8	40
5.	Macquarie Russia and CIS Infrastructure Fund C.V. (MRIF)	2009	630	30
6.	Islamic Infrastructure Fund L.P. (IIF)	2009	226,5	3
7.	Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V. (KCRF)	2010	100	49,5
8.	CITIC Kazyna Investment Fund I L.P. (CKIF)	2010	200,4	100
9.	Russian-Kazakhstan Nanotechnology Fund (RKFN)	2011	51	25
10.	Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. (KIF)	2014	105	100
11.	Baiterek Venture Fund	2014	207,8*	89,9*
12.	Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V. (KAGF)	2015	40	20
13.	DBK Equity Fund C.V. (DBKEF)	2017	77,6*	2,3*
14.	KCM Sustainable Development Fund I C.V. (KCM SDF)	2019	57,9*	57,9*
15.	Eurasian Nurlu (Bright) Investment Fund L.P. (ENIF)	2019	242,4	30
16.	Da Vinci Emerging Technologies Fund III L.P. (Da Vinci)	2021	67,6	10
Жиыны			2 874	637,8

* ТИҚ теңгемен капиталдандыра отырып. KASE бағамы бойынша 31.12.2021 жылға бір АҚШ доллары үшін айырбас 431,80 теңгені құрады

2021 жылғы қорлардың қызметі

ҚКМ стратегиялық портфелі шартты түрде бірнеше санатқа бөлінуі мүмкін:

- Белсенді инвестициялық қызметті жүзеге асыратын қорлар: BVF, DBK EF, KCM SDF I, KIF, Da Vinci, KAGF;
- Аяқталған инвестициялық кезеңдері бар қорлар – инвестициялау процесін аяқтаған және портфельдік компанияларды басқаруға және сәтті шығу мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған ТИҚ: KGF, CKIF, FGF, RKFN, KCRF;
- Мерзімі аяқталған қорлар: ACAF, WCP, MRIF, IIF;
- Құру кезеңіндегі қорлар: ENIF.

Белсенді инвестициялық қызметті жүзеге асыратын қорлар:

BAITEREK VENTURE FUND/ БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – КЭПТИВТІ КОМАНДА

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, млн теңге	Инвестициялар, млн теңге	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2014–2024 (2019)	81 658	50 167	100%	ИИДМБ басымды салалары	Қазақстан	ҚКМ

Қор белсенді инвестициялық фазада. Есепті кезеңде Қормен жалпы көлемі 8,5 млрд теңге болатын 5 жобаға инвестиция салынды.

Инвестициялық портфель:

- «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – электр энергетикасы (Қазақстан Республикасы);
- «Mining Chemical Company» ЖШС – эмульсиялы жарылғыш заттар өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- «Aitas KZ» АҚ – ауыл шаруашылығы (құс шаруашылығы) (Қазақстан Республикасы);
- «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС – баламалы энергетика (Қазақстан Республикасы);
- «АстанаГаз» АҚ – көлік және логистика (магистральдық газ құбыры құрылысы) (Қазақстан Республикасы);
- «Вайкопур Solar» ЖШС – баламалы энергетика (Қазақстан Республикасы);
- «Алекс Астана» ЖШС – жол белгілері өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- «ҚазМясо» ЖШС – ауыл шаруашылығы (Қазақстан Республикасы);
- «Макинск жылу оқшаулағыш зауыты» ЖШС – базальт жыныстарынан жасалған минералды мақта плиталары мен төсеніштер өндірісі;



- 10. «Бурундай минералды сулары» ЖШС – туризм (Қазақстан Республикасы);
- 11. «KazGreenEnergy» ЖШС – баламалы энергетика (Қазақстан Республикасы);
- 12. «EMC Agro» ЖШС – ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы) (Қазақстан Республикасы);
- 13. «Казполиграф» ЖШС – қаптама бұйымдары өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- 14. «BRBAPK» ЖШС – ауыл шаруашылығы (өсімдік шаруашылығы) (Қазақстан Республикасы);
- 15. «ТТС Астана-2007 К» ЖШС – туризм (Қазақстан Республикасы);
- 16. «КТК Service» ЖШС – көлік және логистика (Қазақстан Республикасы);
- 17. «Agnai-Agro» ЖШС – тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі (Қазақстан Республикасы);

- 18. «КазАрмапром» ЖШС – металлургия өнеркәсібі (Қазақстан Республикасы);
- 19. «Компас Сервис» ЖШС – басқа құрылыс-монтаж жұмыстары (Қазақстан Республикасы).

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

- 1. «Sachiko-Olzha Products» ЖШС – жөргектер өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- 2. «ARP Company» ЖШС – құрылыс материалдарының өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- 3. «Primejet» ЖШС – көлік және логистика (Қазақстан Республикасы);
- 4. «Oxu Textile» ЖШС – жеңіл өнеркәсіп (Қазақстан Республикасы);
- 5. «Аллюр» компаниялар тобы» АҚ – автомобиль жасау (Қазақстан Республикасы);
- 6. «Z-Invest» ЖШС – медицина (Қазақстан Республикасы).

DBK EQUITY FUND / БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – «BV MANAGEMENT» ЖШС

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, млн теңге	Инвестициялар, млн теңге	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2017–2027	33 500	37 687	2,99%	DBKEF «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және «ҚДБ – Лизинг» АҚ қолдау көрсеткен жобаларға инвестиция салады.	Қазақстан	ҚДБ, ҚКМ, BV Management

Қор белсенді инвестициялық фазада. ҚКМ ТИҚ және ҚДБ Түркістан қаласындағы «Turkestan Tourism City LTD» ЖК көпфункционалды туристік орталығының құрылысы 13,5 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Инвестициялық портфель:

- 1. «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС – баламалы энергетика (Қазақстан Республикасы);
- 2. «Тұрғысын-1» ЖШС – баламалы энергетика (Қазақстан Республикасы);

- 3. «Aitas KZ» АҚ – ауыл шаруашылығы (құс шаруашылығы) (Қазақстан Республикасы);
- 4. «Continental Logistics» ЖШС – көлік және логистика (көлік-логистика орталығы) (Қазақстан Республикасы);
- 5. «Turkestan Tourism City LTD» ЖК.

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

- «ТеңізТрансГаз» ЖШС – көлік-логистика секторы (Қазақстан Республикасы).

KCM SDF I C.V. / БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – «BV MANAGEMENT» ЖШС

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, млн теңге	Инвестициялар, млн теңге	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2019–2029	25 000	33 685	99,9%	АӨК, өңдеу өнеркәсібі, техникалық қызметтер және қызмет көрсету, денсаулық сақтау, ақпарат және байланыс, энергетика және т.б.	Қазақстан	ҚКМ, BV Management

ҚКМ SDF Қазақстан Республикасының аумағындағы жобаларға инвестиция салады. 2021 жылдың желтоқсанында КСМ «агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» 2020–2021 жылдарға арналған Жұмыспен қамту жол картасының үшінші бағыты аясында SDF АӨК саласында жалпы сомасы 12,8 млрд теңгеге жылына 12% мөлшерлеменен 3 жоба қаржыландырылды.

Инвестициялық портфель:

- 1. «Астана Ойл» мұнай үйі» ЖШС – шағын МӨЗ жаңғырту (Қазақстан Республикасы);
- 2. «Темірбетон-1» ЖШС – құрылыс материалдары өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- 3. «Agrimer» ЖШС – астықты өңдеу, сақтау және сату (Қазақстан Республикасы);
- 4. «Қарағанды Құс» ЖШС – ауыл шаруашылығы (құс шаруашылығы) (Қазақстан Республикасы).

- 5. «ОралМұнайПром» ЖШС – химия және мұнай химиясы (газпоршень электр станциясы) (Қазақстан Республикасы);
- 6. «MerAc HC» ЖШС – кинотеатр құрылысы (Қазақстан Республикасы);
- 7. «Аква Фактория» ЖШС – азық-түлік өнімдерін өндіру (балық фермасы) (Қазақстан Республикасы);
- 8. «Kazrost Engineering Ltd» ЖК – ауыл шаруашылығы техникасы өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- 9. «Altyn Shyghys» ЖШС – тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- 10. «Unicorn Feed Limited» ЖШС – тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі (Қазақстан Республикасы);
- 11. «Eco Product Company» ЖШС – тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі (Қазақстан Республикасы).

KAZAKHSTAN INFRASTRUCTURE FUND C.V./БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – VPE EURASIA GP LTD.

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	Үлесі ҚКМ	Саласы	География	Инвесторлар
2014–2026 (2021)	105 млн	81,19 млн	95,24%	Инфрақұрылым	Қазақстан	KKM, VGL Ltd.

Қор портфельдік компаниялардың мониторингі сатысында.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен Абу-Даби Mubadala Investment Company тәуелсіз қоры арасында Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. қорының аясында Қазақстан Республикасына 500 млн АҚШ долларына дейінгі

көлемде инфрақұрылымдық және өзге де жобаларға қоса инвестициялау туралы келісім жасалды.

2020 жылы қордың қатысушылары арасында Limited Partnership Agreement шартына сәйкес Қордың инвестициялық кезеңі бір қосымша жылға ұзартылды.

Сондай-ақ, 2020 жылы Қордың TAV Holding-пен Алматы қаласының қолданыстағы әуежайын кеңейту және жаңғырту жобасына бірлескен инвестициясы мақұлданды. Бұл жоба Қор мен TAV Airports компаниясымен бірлесіп инвестициялау механизмі арқылы жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларына қаржыландырылды, оның ішінде 170 млн – TAV Airports қаражаты, 27,9 млн – ҚКМ қаражаты. Бұдан басқа, осы жобаны іске асыруға жалпы сомасы 450 млн АҚШ долларына жаңа терминалдың құрылысын қаржыландыру үшін несие берушілер консорциумының қарызы тартылды. Консорциумның негізгі қатысушылары Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) түріндегі халықаралық қаржы институттары болды. Мәміле 2021 жылдың сәуірінде аяқталды.

Инвестициялық портфель:

1. «Орталық Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – энергетика (Қазақстан Республикасы);
2. «KIF Warehouses» ЖШС – көлік және логистика (Қазақстан Республикасы);
3. Халықаралық Алматы әуежайы – көлік және логистика (Қазақстан Республикасы).

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

«Primejet» ЖШС – көлік және логистика (Қазақстан Республикасы).

DA VINCI EMERGING TECHNOLOGIES FUND III L.P./БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – DA VINCI CAPITAL

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2021–2031 (2026)	67,6 млн	0	14,8%	Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, IT және телекоммуникация инфрақұрылымы, қаржылық технологиялар, B2C / B2B технологиялары және басқа да IT салалары	Қазақстан, өңірдегі басқа да елдер	KKM, Da Vinci Global Technology Growth PCC, DEG-Deutsche Investitions- und Entwicklungsgesellschaft, «Samruk-Kazyna Invest» ЖШС, 57 Stars

Қордың алғашқы жабылуы 2021 жылдың маусым айында өтті. Қор белсенді инвестициялық фазада. 2021 жылдың қазан айында алғашқы кэш-коллдар мен инвестициялар бойынша ұсыныстар алынды.

KAZAKHSTAN HUNGARIAN INVESTMENT PRIVATE EQUITY FUND C.V./БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ СЕЕСАТ CAPITAL

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2015–2025 (2018)	40 млн	25,91 млн	49,5%	АӨК саласындағы жобалар	Қазақстан	ҚКМ, EximBank

Қор Венгр Экспорт-Импорт банкімен бірлесіп «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-мен құрылды, бұдан әрі «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға қосылуына байланысты Қоғамға 2021 жылғы желтоқсанда берілді.

Қор портфельдік компаниялардың мониторингі сатысында.

Инвестициялық портфель:

1. «Green Capital Kazakhstan» ЖШС – Ақтөбе облысындағы жылыжай кешені (Қазақстан Республикасы);
2. «Шығыс бақтары» ЖШС – Жамбыл облысында (Қазақстан Республикасы) бірінші кезеңде 150 га қарқынды алма бақтарын, екінші кезеңде 150 га бақтар мен жеміс қоймаларын құру.

Инвестициялық кезеңі аяқталған қорлар:

KAZAKHSTAN GROWTH FUND L.P./БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – СЕЕСАТ CAPITAL

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2009–2021 (2015)	80,8 млн	80,45* млн	49,5%	Тамақ өнеркәсібі, тау-кен өнеркәсібіне арналған жабдықтар өндірісі, металлургия, ағаш өңдеу және басқалары.	Қазақстан (Қорды жалпы капиталдандырудың 70%), Ресей Федерациясы, Орталық Азия	ҚКМ, ЕҚҚДБ

*2017 жылы Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V. қорының портфельдік компаниялары: Charlie Investments – Chaplin – 11,4 млн АҚШ доллары, Universal Logistics – 12,88 млн АҚШ доллары; VDP Holding – 9,0 млн АҚШ доллары Kazakhstan Growth Fund C.V. қорына берілді.

2018 жылы ADM Capital басқарушы компаниясын СЕЕСАТ Capital құрамына трансформациялау жүзеге асырылды. Басқарушы компаниямен жобалардан шығу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

2020 жылы Limited Partners Agreement-ке сәйкес қордың қызметін 1 жылға ұзартуға бастама жасалды. 2021 жылдың қазан айында «Labnet» ЖШС жобасынан толық шығу жүзеге асырылды.

Инвестициялық портфель:

1. «КАРО Фильм» ЖАҚ – көп залды кинотеатрлар желісі (Ресей Федерациясы);
2. «Best Cinemas» ЖШС – Chaplin көп залды кинотеатрлар желісі (Қазақстан Республикасы);

3. «Universal Logistics» ЖШС – жүк тасымалы саласындағы қызметтерді жеткізуші (Қазақстан Республикасы);
4. «KazGrain» ЖШС – тігінен интеграцияланған аграрлық компания (Қазақстан Республикасы);
5. «Sunpaper» ЖШС – қағаз-гигиеналық өнім өндірісі (Қазақстан Республикасы);
6. «Invivo VDP» ЖШС – заманауи медициналық функционалдық диагностикалық орталықтар желісі (Қазақстан Республикасы).

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

«Labnet» ЖШС – медициналық зертханалар желісі (Қазақстан Республикасы).

CITIC KAZYNA INVESTMENT FUND I L.P./КЭПТИВТИ КОМАНДА – CITIC KAZYNA MANAGER LTD.

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2010–2020 (2015)	200,4 млн	135,64 млн	49,9%	Инфрақұрылым, шикізат секторлары (ҚР мұнай-газ секторынан басқа), жылжымайтын мүлік	Қазақстан (Қорды жалпы капиталдандырудың 50%-ы), ҚХР (Қорды жалпы капиталдандырудың 50%-ы)	ҚКМ, CITIC Group, Sun Success International Ltd.

Қор портфельдік компаниялардың мониторингі сатысында.

2020 жылғы сәуірде «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ жобасынан толық шығу жүзеге асырылды.

2021 жылғы маусымда Arctic Green Energy жобасынан ішінара шығу жүзеге асырылды.

Қордың қызмет ету мерзімі 2022 жылғы 16 сәуірге дейін ұзартылды.

Инвестициялық портфель:

1. «Олжа» АҚ – көлік-логистикалық компаниясы (Қазақстан Республикасы);

2. «Genesis Gas Ltd (бұрынғы «LongmenGroup PLC)» – метан өндіру және барлау (Қытай Халық Республикасы);
3. «Arctic Green Energy China (бұрынғы ORKA Energy)» – геотермалдық энергетика (Қытай Халық Республикасы).

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

1. «Shandong Xinjufeng Technical Packaging Co., Ltd» – қаптама материалдары өндірісі (Қытай Халық Республикасы);
2. «Орталық Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – электр энергетикасы (Қазақстан Республикасы).

FALAH GROWTH FUND L.P. / БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – AL FALAH CAPITAL PARTNERS LIMITED

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2008/2012–2022 (2019)	500 млн	103,99 млн	10%	Мұнай және газ, пайдалы қазбаларды өндіру, энергетика, инфрақұрылым және т.б.	Қазақстан, ТМД елдері	ҚКМ, Aztech Investment Ltd., Ordabasy Shkrakat Limited

Қор портфельдік компаниялардың мониторингі сатысында. Активтерді сату, таратушыны тағайындау және қорды кейіннен тарату бойынша GP-мен келіссөздер жүргізілді.

Инвестициялық портфель:

- «Алсад Қазақстан» ЖШС – жұмыртқа шығару бағытындағы құс фабрикасы (Қазақстан Республикасы);

- «Қарағанды Құс» ЖШС – жұмыртқа шығару бағытындағы құс фабрикасы (Қазақстан Республикасы).

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

«Қарағанды Энергоорталығы» ЖШС – энергетика (Қазақстан Республикасы)

RUSSIAN-KAZAKHSTAN NANOTECHNOLOGY FUND/БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – VTB CAPITAL I2BF INNOVATION PARTNERS

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2011–2021 (2017)	51 млн	36,5 млн	49%	Нанотехнологиялар саласындағы жобалар	Қазақстан (Қорды жалпы капиталдандырудың 50%), Ресей Федерациясы (Қорды жалпы капиталдандырудың 50%)	ҚКМ, РосНано, ВТБ Капитал I2BF

Қор портфельдік компаниялардың мониторингі және ішінара іске асыру сатысында.

VIST Group жобасынан толық шығу 2021 жылдың қазан айында жүзеге асырылды.

Инвестициялық портфель:

- Optical Security Systems – ұзақ инфрақұрылымдық объектілердің жағдайын үздіксіз мониторингтеу және бақылау жүйесі (Ресей Федерациясы);

- Selecta Biosciences – биофармацевтика (Америка Құрама Штаттары);
- RoboCV – роботтандырылған жүйелер (Ресей Федерациясы);
- Primus Power – энергожинақтаушы жүйе (Қазақстан Республикасы).

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

VIST Group – тау-кен өнеркәсібін автоматтандыру (Қазақстан Республикасы).

Тарату кезеңіндегі қорлар:

AUREOS CENTRAL ASIA FUND L.L.C. / БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – THE ABRAAJ GROUP

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2007–2018 (2011)	37 млн	35,69 млн	14,2%	Қаржы қызметі, бөлшек сауда, телекоммуникация, химия өнеркәсібі	Қазақстан (Қорды жалпы капиталдандырудың кемінде 50%), Орталық Азия	ҚКМ, IFC, CDC Group, FMO, ЕҚҚДБ, DBJ

Қордың қызмет ету мерзімі 2018 жылдың қараша айында аяқталды. Қорды тарату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шығу барлық портфельдік компаниялардан жүзеге асырылды. Таратушы тарату рәсімінің аяқтау жұмыстарын жүргізуде.

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

- «Лизинг Групп» ЖШС – лизингтік қаржыландыру (Қазақстан Республикасы);
- «Азия-Электрик» АҚ – электр кабелін өндіру зауыты (Қазақстан Республикасы);
- «Ала-ТВ» ЖШҚ – байланыс және коммуникация (Қырғызстан);
- «Держава» ЖШС – химия және мұнай химиясы (Қазақстан Республикасы).

KAZAKHSTAN CAPITAL RESTRUCTURING FUND C.V./ БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – SEECAT CAPITAL

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2010–2018 (2014)	100 млн	98,16 млн*	49,5%	ШОБ (шикізаттық емес секторлар)	Қазақстан	ҚКМ, ЕҚҚДБ

*2017 жылы Kazakhstan Capital Restructuring Fund C.V. қорының портфельдік компаниялары: Charlie Investments – Chaplin – 11,4 млн АҚШ доллары, Universal Logistics – 12,88 млн АҚШ доллары; VDP Holding – 9,0 млн АҚШ доллары Kazakhstan Growth Fund C.V. қорына берілді.

2018 жылы ADM Capital басқарушы компаниясын SEECAT Capital құрамына трансформациялау жүзеге асырылды. Басқарушы компаниямен жобалардан шығу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

2020 жылғы тамызда Arrowhead және «Жамбыл Гипс» АҚ жобаларынан толық шығу жүзеге асырылды. 2021 жылдың қазан айында «Caspian Development Company Services» ЖШС портфельдік компаниясынан дивидендтер алынды.

Инвестициялық портфель:

«Caspian Development Company Services» ЖШС – көлік және логистика (Қазақстан Республикасы).

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

- Arrowhead – жылжымайтын мүлік (Қазақстан Республикасы);
- «Жамбыл Гипс» АҚ – гипстік құрылыс өнімдерін өндіруші (Қазақстан Республикасы).



WOLFENSOHN CAPITAL PARTNERS L.P./БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – JDW PARTNERS, L.P.

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2008–2019 (2014)	250 млн	248,2 млн	9,94%	Баламалы энергетика, қаржы және сақтандыру, бөлшек сауда	БРИК, Бангладеш, Мысыр, Индонезия, Иран, Корея, Мексика, Нигерия, Пәкістан, Филиппин, Түркия және Вьетнам және басқа да дамушы елдер	ҚКМ, National Industries Group Holding Company, CGI Private Equity, The Governing Council of the University of Toronto және басқалары.

Қор тарату сатысында.

2020 жылғы желтоқсанда National Stock Exchange of India-да қордың үлесін сату жөніндегі мәмілеге қол қойылды. Мәміле 2021 жылдың сәуірінде аяқталды.

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

1. Fabindia Overseas Private Limited – киім және үйге арналған тауарлардың сатушысы (Үндістан);
2. BTG Pactual Group – инвестициялық банк (Бразилия);
3. Repco Home Finance – ипотекалық компания (Үндістан);
4. Kalpan Hydro Company – су электр станциялары құрылысы (Үндістан);

5. Odebrecht Agroindustrial – этанол өндірісі (Бразилия);
6. OPX Biotechnologies – биоотын өндірушісі (АҚШ);
7. Banco Daycoval – коммерциялық банк (Бразилия);
8. Ujivan Financial Services – микроқаржы ұйымы (Үндістан);
9. Development Credit Bank – қаржылық қызметтер (Үндістан);
10. GE Joint Venture – жел энергетикасы (Орталық және Шығыс Еуропа);
11. Alior/Meritum Bank – қаржылық қызметтер (Польша);
12. Moscow Exchange – қаржылық қызметтер (Ресей Федерациясы);
13. National Stock Exchange of India – қаржылық қызметтер (Үндістан).


MACQUARIE RUSSIA AND CIS INFRASTRUCTURE FUND / БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – MACQUARIE INFRASTRUCTURE AND REAL ASSETS (EUROPE) LTD.

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2009–2019 (2015)	630 млн	433,28	4,76%	Көлік инфрақұрылымы, электр энергетикасы	Ресей Федерациясы, Қазақстан (Қордың жалпы капиталдандыруының кемінде 20%), ТМД елдері	ҚКМ, IFC, ЕҚҚДБ, Внешэкономбанк, Masquarie Group, EDB

Қор тарату сатысында. 2020 жылдың қыркүйегінде Enel Russia-да қордың үлесін сату туралы келісімге қол қойылды. Мәміле 2021 жылдың ақпан айында аяқталды.

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

1. Brunswick Rail (2 жоба) – теміржол жүк вагондарының жедел лизингі (Ресей Федерациясы);
2. Russian Towers – телекоммуникациялық инфрақұрылым (Ресей Федерациясы);
3. GSR Energy – жылу және электр энергиясын өндіру және сату (Ресей Федерациясы);
4. Enel Russia – электр энергиясын өндіру және тарату (Ресей Федерациясы).



ISLAMIC INFRASTRUCTURE FUND L.P./БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – CAPITAL ADVISORS PARTNERS ASIA PTE LTD

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2009–2019 (2014)	226,5 млн	143,94 млн	1,32%	Электрмен жабдықтау, көлік, коммуникация, сумен жабдықтау және т.б.	Малайзия, Қазақстан, Индонезия, Пәкістан (60%), Ауғанстан, Әзірбайжан, Бангладеш, Қырғызстан, Өзбекстан және т.б. (40%)	ҚКМ, IDB, ADB, CIMB Bank (L) Ltd., OPEC Fund for International Development, Bangkok Bank Ltd.

Қор тарату сатысында.

Қордың қызмет ету мерзімі 2021 жылғы 27 шілдеде аяқталды.

Соңғы портфельдік компаниядан (Foundation Wind Energy – I, II) шығу 2021 жылғы қыркүйекте жүзеге асырылды.

Келесі компаниялардан шығу жүзеге асырылды:

1. «Орталық Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – энергетика (Қазақстан Республикасы);
2. PT Margautama Nusantara – энергетика (Индонезия);
3. PT TransIndonesia Network – телекоммуникациялық қызметтер (Индонезия);
4. Foundation Wind Energy – I Limited – энергетика (Пәкістан);
5. Foundation Wind Energy – II (Pvt) Limited – энергетика (Пәкістан).

Құру кезеңіндегі қорлар:

EURASIAN NURLY (BRIGHT) INVESTMENT FUND L.P. / БАСҚАРУШЫ КОМПАНИЯ – NURLY FUND MANAGER L.P.

Қызмет ету мерзімі (Инвест. кезең)	Жалпы көлемі, АҚШ доллары	Инвестициялар, АҚШ доллары	ҚКМ үлесі	Саласы	География	Инвесторлар
2019–2027 (2023)	242,4 млн	0	12,4%	Инфрақұрылым, табиғи ресурстарды қайта өңдеу, логистика, ақпараттық технологиялар, өңдеу өнеркәсібі, агроөнеркәсіптік кешен және т.б.	Қазақстан	ҚКМ, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, CITIC Group, Asia Investment Finance Group Limited, China Bosen New Energy Investment Holding Limited, Hong Kong Sino-Science Oil & Gas Company Limited.

2019 жылғы 25 сәуірде Бейжің қаласындағы инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай дөңгелек үстелінде Қордың алғашқы жабылу құжаттарына қол қойылды.

2019 жылғы 11 қыркүйекте Бейжің қаласында өткен Қытай-Қазақстан Іскерлік кеңесінің 6-шы отырысында «Самұрық-Қазына «Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қорға қосылды, Қордың алғашқы жабылу көлемі 242,4 млн АҚШ долларын құрады.



2021 жылғы қорлардың қызметінің нәтижелері

2021 жылдың қорытындысы бойынша жаңа инвестициялар көлемі 36,8 млрд теңгені құрады, оның аясында мынадай қаражат инвестицияланды:

- Kazakhstan Infrastructure Fund қорымен көлік инфрақұрылымы саласына – 11 985 млн теңге;
- АӨК саласына KCM Sustainable Development Fund қорымен – 12 800 млн теңге;
- DBK Equity Fund қорымен медиа және ойын-сауық индустриясы саласына – 404 млн теңге;


- көлік және логистика, тамақ өнімдері мен сусындар өндірісі, металлургия өнеркәсібі, BVF қорының құрылыс-монтаждау жұмыстары саласына – 8 540 млн теңге;
- АТ саласына QTV қорларымен – 1 544 млн теңге;
- Қорларды басқару үшін комиссия – 1 522 млн теңге.

2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚКМ портфеліндегі ең үлкен үлес көлік және логистика секторына тиесілі – 38%, энергетика – 16% және азық-түлік өндірісі – 22% құрады.

2021 жылдың соңында ҚКМ портфелінде 59 жоба болды, оның ішінде Қазақстандағы жобалардың үлесі 92%-ды құрады.


2021 жылы 7 жобадан толық шығу жүзеге асырылды.

САЛАЛАР БӨЛІНІСІНДЕГІ ҚКМ ПОРТФЕЛЬДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР



- Тамақ өнімдерін өндіру
- Көлік және логистика
- Химия және мұнай химиясы
- Энергетика
- Қағаз және қағаз өнімдерін өндіру
- Құрылыс материалдарын өндіру
- Медициналық қызметтер
- Басқасы

ЕЛДЕР БӨЛІНІСІНДЕГІ ҚКМ ПОРТФЕЛЬДІК ИНВЕСТИЦИЯЛАРЫ



- Қазақстан
- Ресей
- Қытай
- Басқа елдер

№	Жобаның атауы	Қордың атауы	IRR (%)
1.	Enel Russia	Macquarie Russia & CIS Infrastructure Fund C.V.	-7,4
2.	National Stock Exchange of India	Wolfensohn Capital Partners L.P.	24,9
3.	Foundation Wind Energy- I Limited	Islamic Infrastructure Fund L.P.	11,2
4.	Foundation Wind Energy- II (Pvt) Limited	Islamic Infrastructure Fund L.P.	11,2
5.	«Labnet» ЖШС	Kazakhstan Growth Fund C.V.	15,6
6.	VIST Group	Ресей-Қазақстан Нанотехнологиялар Қоры	49,5
7.	«Z-Invest» ЖШС	Baiterek Venture Fund	20,15

Сондай-ақ, 1,1 млн АҚШ доллары сомасына Arctic Green Energy China (CITIC Kazyna Investment Fund I L. P.) жобасынан ішінара шығу жүзеге асырылды.

ҚКМ инвестициялық қызметінің нәтижелері

Қоғаммен Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. тікелей инвестициялардың портфельдік қоры арқылы «TAV Group» ірі түрік компаниясымен бірлесіп, «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ-ға инвестициялау процесі аяқталды. Жобаға салынған инвестициялардың жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларын, оның ішінде ҚКМ – 27,9 млн АҚШ долларын, TAV Group – 170 млн АҚШ долларын, Verpo – 2,1 млн АҚШ долларын құрады. Бұдан басқа, осы жобаны іске асыруға жалпы сомасы 450 млн АҚШ долларына жаңа терминалдың құрылысын қаржыландыру үшін несие берушілер консорциумының қарызы тартылды. Консорциумның негізгі қатысушылары Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі және Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) түріндегі халықаралық қаржы институттары болды.

Жаңа терминал құрылысы жолаушылар ағынының тарихи көрсеткішін 2030 жылға қарай жылына 14 млн жолаушыға дейін 4 есеге арттыруға мүмкіндік береді. Жаңа халықаралық бағыттар мен рейстер ашылады, әуежай базасында өңірлік көлік-логистикалық хабты дамыту жөніндегі жоба аясында жүк тасымалы ұлғайтылады, сондай-ақ клиенттер үшін көрсетілетін қызметтер мен сервис жақсартылады. Бұдан басқа, құрылыс кезінде ЕАЭО елдерінде баламасы жоқ және Excellence in Design for Greater Efficiencies (EDGE) халықаралық стандарттарының технологиялық талаптарына сәйкес келетін құрылыс және қаптама материалдары пайдаланылатын болады. Бұл терминал ғимаратының энергия тиімділігін 40%-ға арттыруға, су тұтынуды 20%-ға азайтуға және тозуды 20%-ға азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, жаңа уақытша және тұрақты жұмыс орындарының саны 2 000-нан асады деп күтілуде, оның 90%-ын қазақстандық мамандар құрайды.

Қолдау көрсету мақсатында, 2021 жылғы қыркүйекте ҚР Үкіметі (ИИДМ атынан), әуежай және несие берушілер консорциумы арасында Үкіметтен қолдау көрсету туралы келісімге (Government Support Agreement, GSA) қол қойылды. Келісім Алматы қаласының маңында балама әуежай салу

Осы бағдарлама шеңберінде 2021 жылы қаржыландыру тек BVF жүзеге асырылды, 4 жоба қаржыландырылды:

№	Жобаның атауы	Компанияның атауы
1.	Берешекті қайта қаржыландыру және Алматы қаласындағы «Z-Invest» ЖШС (Зэт-Инвест) жұмыс істеп тұрған диагностикалық орталықты дамыту	«Z-Invest» ЖШС
2.	Көлемді емес және ауыр салмақты тасымалдар бойынша бизнесті кеңейту үшін жабдықтар мен техниканы сатып алу	«КТК Service» ЖШС
3.	Жеміс-жидек қоймасын салу	«Agnau Agro» ЖШС
4.	«Теңіз» вахталық кентінде (Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы) жылжымайтын мүлік сатып алу, сондай-ақ айналым қаражатын толықтыру	«Компас сервис» ЖШС

Жаңа терминал құрылысы жолаушылар ағынының тарихи көрсеткішін 2030 жылға қарай жылына 14 млн жолаушыға дейін 4 есеге арттыруға мүмкіндік береді.

жоспарларының жоқтығын растайды және тараптарды қоршаған ортаны қорғау және санитарлық аймақты қамтамасыз ету бойынша ұсынылған шараларды іске асыруға шақырады. Бұл келісім Мемлекеттік кепілдік болып табылмайды.

Ақпараттық технологиялар, инфрақұрылым және финтех, B2C/B2B технологиясы және цифрлық автоматтандыру саласындағы жобаларды қаржыландыру мақсатында Қоғаммен Da Vinci Emerging Technologies Fund III L.P. тікелей инвестициялар қорын құру туралы шектеулі серіктестік туралы келісімге қол қойылды. DEG, «Samruk Kazyna Invest» ЖШС Қор бойынша серіктестер болып табылады. Қорды капиталдандыру 67,6 млн АҚШ долларын, оның ішінде ҚКМ міндеттемелері – 10 млн АҚШ долларын құрайды. Қордың инвестициялық кезеңі 2026 жылы, Қордың қызмет ету мерзімі 2031 жылы аяқталады.

2021 жылғы 27 қазанда «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ 2020–2021 жылдарға арналған «агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» жұмыспен қамту жол картасының үшінші бағыты аясында 12,8 млрд теңге көлемінде облигациялық қарыз тартты. Бұл қаражат АӨК саласындағы 3 жобаны жылына 12% мөлшерлеменен қаржыландыруға бағытталды.

Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларды және экспортқа бағытталған жобаларды дамыту мақсатында, сондай-ақ компаниялардың капиталына ТИ жүзеге асыру есебінен кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету үшін Қоғам 2019 жылы Жеңілдетілген үлестік қаржыландыру бағдарламасын іске қосты, соның аясында бизнеске жеңілдетілген шарттармен капиталға тікелей инвестиция алу мүмкіндігі беріледі. Бағдарлама операторлары – BVF және KCM SDF I қоры (BVM басқаруымен). Сонымен қатар, ШОБ дамыту бағыты бойынша екінші деңгейлі банктер де тартылуда.

«ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына қосылуына және инвестициялық қызмет салаларының кеңеюіне байланысты, 2021 жылғы 23 желтоқсанда ҚКМ қабылдау-тапсыру актісі негізінде 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Шектеулі әріптестік туралы келісімге сәйкес құрылған 49,5% мөлшеріндегі Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V. активтерінің бір бөлігі берілді. Сондай-ақ, CCL Agro Limited (бұдан әрі – Қордың Басқарушы компаниясы), Stichting CCL Agro Administration, Венгр Экспорт-Импорт банкі және CCL KAGF Carried Interest L.P. Қордың серіктестері болып табылады. Қордың қызметі Қазақстан Республикасының аумағында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталған. Қазіргі уақытта қор қоржыны екі жобадан тұрады: «Green Capital Kazakhstan» ЖШС (Ақтөбе облысындағы жоғары технологиялық жылыжай кешені) және «Шығыс бақтары» ЖШС (Жамбыл өңірі мен Солтүстік Қазақстандағы жеміс бақтары және Тараз және Нұр-Сұлтан қалаларындағы жеміс-жидектерді сақтауға арналған үй-жайлар). Қордың әрбір жобаға салған инвестициясының көлемі 10 млн АҚШ долларын құрайды.

2020 жылдың қыркүйегінде ҚКМ Даму стратегиясы өзектілендірілді, оның шеңберінде ҚКМ стресті активтер нарығына, МЖӘ инфрақұрылымдық жобалары нарығын және венчурлік қаржыландыру нарығын дамытуға қатысуы бөлігінде Қоғамның инвестициялық мандаты кеңейтілді.

Осыған байланысты, 2021 жыл ішінде стресті активтер нарығын дамыту саласында жұмыс тәжірибесі бар стратегиялық әріптесті іздеу бойынша жұмыс жүргізілді.

2021 жылғы 21 қыркүйекте AxFina Holding S.A. (Австрия) инвестициялық холдингі Қазақстанда стресті активтер нарығын дамыту үшін ҚКМ-мен бірлескен кәсіпорын құру бойынша ниет туралы хатқа (Letter of Intent) қол қойды. Сонымен қатар, Қоғам Қазақстанда стресті активтер нарығын дамыту үшін баламалы компанияларды іздеу бойынша жұмысты жалғастыруда.

Өңірлік және халықаралық әріптестермен ынтымақтастық арқылы Қазақстанның жоғары инвестициялық тартымдылығына қол жеткізу мақсатында 2021 жылы Қоғам іскерлік байланыстар желісін кеңейту, ағымдағы және жоспарланатын ТИҚ-ке әріптестерді (инвесторларды) тарту бойынша жаңа мүмкіндіктер жасау мақсатында әлеуетті халықаралық және өңірлік басқарушы компаниялармен ынтымақтастықты жолға қою, сондай-ақ бірлескен инвестицияларды жүзеге асыру немесе бірлескен кәсіпорындар құру, өзара тиімді ынтымақтастықты ұйымдастыру үшін қаржы даму институттарымен және халықаралық қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды жақсарту, соның ішінде тәжірибе алмасу және ҚКМ командасының ішкі құзыреттілігін арттыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізді.

2021 жылғы 5 қазанда Қоғам мен испандық COFIDES (Compañía Española de Financiación del Desarrollo) дамытуды қаржыландыру компаниясы арасында индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды сүйемелдеуге, іске асыруға және бірлесіп инвестициялауға қатысты Қоғам мен COFIDES арасындағы әлеуетті ынтымақтастықты талқылау үшін негіз құру мақсатында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Испанияның негізгі қаржылық даму институтымен серіктестік ҚКМ тікелей инвестициялар және венчурлік қаржыландыру саласындағы құзыреттілігін жақсартуға мүмкіндік береді. Жобаларды іске асыру жөніндегі сараптаманы испан тарапымен біріктіру басым салаларда тұрақты инвестициялық қоржынды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, COFIDES компаниясы ЕО аккредиттелген субъектісі бола отырып, аралас қаржыландыру бастамаларының аясында ЕО қаржыландырылуын іске қосуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.У. Маминнің Біріккен Араб, Қоғам және Абу-Дабидің егемен қорына жұмыс сапары шеңберінде ADQ өзінің DisruptAD венчурлік платформасы арқылы ADQ-KCM бірлескен венчурлік қорын құру туралы уағдаласты.

2021 жылғы 10 қазанда Қоғам мен Abu Dhabi Development Holding Company егеменді қоры арасында ADQ-KCM Venture Capital Fund қорына қатысудың негізгі шарттары туралы келісімге қол қойылды. Қор инновациялық компанияларға ерте және одан кейінгі кезеңдерде, сондай-ақ өсу әлеуеті жоғары және бизнес моделі тұрақты кәсіпорындарға бірлескен инвестицияларды жүзеге асыруға назар аударатын болады. Қордың инвестициялары даму институттарының миссияларына сәйкес келетін және өңірлік сын-қатерлерге жауап беретін жобаларды қолдауға бағытталатын болады.

ADQ-KCM қорын жоспарлы капиталдандыру – 100 млн АҚШ доллары. Бастапқы инвестициялар тепе-теңдік негізде 50 млн АҚШ долларын құрайды. Қорға одан әрі

2021 жылғы 10 қазанда Қоғам мен Abu Dhabi Development Holding Company егеменді қоры арасында ADQ-KCM Venture Capital Fund қорына қатысудың негізгі шарттары туралы келісімге қол қойылды.

инвестиция салу бастапқы қаражаттың игерілуіне қарай серіктестермен келісілетін болады. Қордың салымдары салаларды цифрлық трансформациялауды іске асыру үшін технологиялық инновацияларды енгізу әлеуеті бар жобаларға жүргізілетін болады. Құрылатын қордың негізгі шарттарына сәйкес жобалар IT, қаржы технологиясы, агротехнология, B2B және B2C, инфрақұрылымдық технологиялар және телекоммуникациялар, тамақ өнімдерін өндіру технологиялары, платформалық шешімдер және цифрлық трансформация салаларында болады.

Келісімге сәйкес Қазақстанның кемінде 50%-ы, Орталық Азия өңірлеріне 20%-ы, Абу Дабиге (БАӘ) 30%-ы қатысуы анықталды. Орталық Азия елдері серіктестермен анықталады және келісіледі.

Жаңа қордың аясындағы ADQ-мен серіктестік Қазақстандағы венчурлік инвестициялар нарығын дамыту үшін қосымша қаржылық қолдау көрсетеді және елдердің арасындағы инвестициялық ағындардың өсу катализаторына айналады.



Венчурлік қаржыландыруды дамыту шеңберінде «QazTech Ventures» АҚ ҚКМ еншілес ұйымымен 2021 жылы төмендегілермен Өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы 3 меморандумға қол қойылды:

1. 2021 жылғы 4 мамырдағы Maj Invest (CapitalSG Pte.Ltd.)
2. 2021 жылғы 31 мамырдағы «БЖПО» ЖШҚ (UZCARD);
3. 2021 жылғы 31 мамырдағы «Ұлттық венчурлік қор UzVC» ЖШҚ

Меморандумдардың мақсаты бірлескен ғылыми-техникалық және инновациялық жұмыс үшін негіз жасау, сондай-ақ бірлескен венчурлік қор құру мүмкіндігі болып табылады.

МЖӘ бағытын дамыту шеңберінде KPPF ҚКМ еншілес ұйымы Іскерлік байланыстар желісін кеңейту бойынша тұрақты негізде жұмыстар жүргізді, инвесторлардың электрондық дерекқоры жаңартылды.

2021 жылдың соңында KPRF инвесторларының электрондық дерекқорына мыналар кірді:

1) әлеуетті индустриялық жобалар үшін 1030 қаржылық және 30 стратегиялық инвестордан тұратын тізілім.

2) МЖӘ жобаларын дамыту бағыты бойынша 156 инвестордан тізілім.

Сондай-ақ, Қоғам еншілес ұйымдармен бірлесіп перспективалы жобалардың «пулын» іздестіруді және қалыптастыруды, мемлекеттік бағдарламаларда айқындалған басым бағыттарға сәйкес инвестициялауды, сондай-ақ жаңа бастамаларды (бағдарламаларды немесе инвестициялық платформаларды/ қорларды) іске қосуды жүргізді.

2021 жыл бойы Қоғам мен стейкхолдерлерді компания қызметі туралы ақпараттандыру және ҚКМ мен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ іскерлік беделін қолдау мақсатында ҚКМ негізгі жобаларын коммуникациялық сүйемелдеу белсенді түрде жүзеге асырылды. ҚКМ және оның ЕҰ қызметі туралы 20-дан кем емес материалдар жарияланды.

Белсенді инвестициялық қызмет және уақытылы хабардар ету нәтижесінде 2021 жылғы шілдеде Fitch Ratings Қоғамға «Тұрақты» болжаммен шетелдік және ұлттық валютада «BB+» эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингін («ЭДР») берді. Fitch сондай-ақ ҚКМ-ге «AA (kaz)» ұлттық шкаласы бойынша рейтинг берді.

Әріптестік желіні одан әрі кеңейтуге және Қазақстанға тікелей инвестициялардың жаһандық нарығының стратегиялық маңызды ойыншыларын тартуға көптеген факторлар әсер етеді. Алайда, ең маңыздыларының бірі, сөзсіз, ESG стандарттарын ұстану болып табылады. ESG тәсілдері тұрақты даму қағидаттарына негізделген, әсіресе қоршаған ортаны қорғауда, әлеуметтік даму және корпоративтік басқаруда (ағылш. environmental, social, governance).

PricewaterhouseCoopers зерттеулеріне сәйкес-инвестициялық шешімдер қабылдау кезінде инвесторлардың 79%-ы компанияның ESG-мен байланысты тәуекелдер мен мүмкіндіктерді қалай басқаратынына үлкен көңіл бөледі. Респонденттердің 68% әлеуетті инвестициялық мүмкіндіктерді зерттеу кезінде ESG рейтингтері мен бағаларын пайдаланады. Талдау көрсеткендей, тек АҚШ-та ESG-ге бағытталған басқарылатын активтер 2018 жылдан 2020 жылға дейін шамамен 5 трлн АҚШ долларға өсті, ал импакт-инвестициялаудың жаһандық нарығы – табыстылығына қарамастан оң нәтижелерге бағдарланған тұрақты инвестициялау нарығының сегменті – қазіргі уақытта 715 млрд АҚШ долларға бағаланады.

Осылайша, жауапты инвестициялау қағидаттарын ұстану саласындағы әлемдік беталыстарға және олардың жобалардың тұрақтылығы мен рентабельділігіне әсерін бағдарлай отырып, ҚКМ 2021 жылдан бастап инвестициялық үдерістерге ESG-тәсілдерді интеграциялау бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Компания жобаларды ESG стандарттарына сәйкестігін бағалау және жобаның өмірлік циклі ішінде ESG-мен байланысты тәуекелдерді митигациялау мониторингі бөлігінде Қоғамның инвестициялық саясатына өзгерістер енгізді.

Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік мәселелері ҚКМ үшін инвестициялық шешімдер қабылдауда үлкен маңызға ие, бұл Қоғам қоржынының құрылымынан айқын көрінеді. ҚКМ «жасыл» инвестициялар қоржынын тұрақты өсіруде, сол арқылы климат жөніндегі Париж келісімі міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ 2020 жылғы желтоқсанда БҰҰ саммитінде Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы айтқан 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптықты қамтамасыз ету бойынша мақсатқа қол жеткізу үшін үлес қосуда.

2.4. Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

2019–2021 жылдар кезеңінде ҚКМ қызметінің қаржылық жағдайы мен тиімділігін талдау ҚКМ аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде жүргізілді.

Кірістер дивидендтерді, пайыздарды төлеуге байланысты ТИҚ қоржындық компаниялар қызметінің қорытындылары

	<i>млн теңге</i>		
Кірістер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Пайыздық кірістер	3 171	1 991	3 014
Дивидендтік кірістер	1 148	71	42
Туынды құралдар бойынша кірістер	387	–	324
Қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен түскен кірістер	1 056	1 882	3 297
Бағамдық айырмадан түсетін кірістер	–	3 291	448
Резервтерді қалпына келтіруден түскен кірістер	920	–	183
Жиыны:	6 682	7 235	7 308


Шығыстар құрылымында 2020 жылмен салыстырғанда сыйақылар бойынша шығыстар үлесі ұлғайды, бұл борыштық бағалы қағаздарды шығаруға байланысты. Әкімшілік шығындардың өсуіне QTV және KPPP қосылуы әсер етті. Сондай-ақ, әкімшілік шығыстардың экономиканың ішкі және

бойынша стратегиялық қоржыннан, сондай-ақ ТИҚ қоржындық компанияларындағы қатысу үлестерін сатудан, сондай-ақ депозиттер, бағалы қағаздар және туынды құралдар бойынша сыйақылар түріндегі қазынашылық қоржынынан алынған.


сыртқы факторларына байланысты өсу үрдісі бар екенін ескеру қажет, оның ішінде: инфляция, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің және теңгеге қатысты валюта бағамының өзгеруі. Шығыс бөлігі келесі кестеде берілген:

	<i>млн теңге</i>		
Шығыстар	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
Жалпы және әкімшілік шығыстар	1 497	1 322	2 157
Пайыздық шығыстар	–	9	363
Құнсыздануға арналған резерв	–	16	–
Туынды құралдар бойынша шығыстар	–	1 031	–
Бағамдық айырмадан болған шығындар	329	–	–
Басқа шығыстар	468	585	148
Жиыны:	2 294	2 963	2 668

2021 жылғы аудиттелген қаржылық есептілікке сәйкес 1 557 млн теңге сомасында оң қаржылық нәтиже алынды. Пайыздарды, салықтарды және амортизацияны төлегенге дейінгі пайда (EBITDA) 4 664 млн теңгені, корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар 3 083 млн теңгені құрады.




2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша активтер 214 227 млн теңгені құрайды, бұл 2020 жылдың көрсеткішінен 10%-ға немесе 20 162 млн теңгеге жоғары. Активтер шамасының ұлғаюы ең алдымен QTV жай акцияларының 100%-ын және KPRF жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 97,7%-ын берумен, негізгі қызметтен және қазынашылық қоржыннан қаражат түсімдерін тартумен байланысты.



Есепті кезеңнің соңындағы міндеттемелер борыштық бағалы қағаздарды шығару есебінен 52 224 млн теңгені құрады. Есепті кезеңде 10 жыл айналыс мерзімімен және жылдық 7,1% белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен 12,8 млрд теңге сомасына облигация шығару жүзеге асырылды. Сондай-ақ ҚДБ-мен валюталық-пайыздық своп жасасу туралы келісім мерзімінен бұрын бұзылды.



2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша капитал 162 003 млн теңгені құрады, 2020 жылдың дәл сол күні – 141 330 млн теңге. Капиталдың ұлғаюы «QazTech Ventures» АҚ, «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС және Kazakhstan Hungarian Investment Private Equity Fund C.V. берумен, сондай-ақ 2021 жылдың қорытындысы бойынша оң қаржылық нәтижемен байланысты.



2.5. Болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар

2020 жылы ҚКМ Даму стратегиясы бекітілгеннен кейін «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен ҚКМ құрылымдық өзгерістер болды, атап айтқанда:

- «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ны «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ға қосу;
- ҚКМ KPRF жарғылық капиталындағы қатысу үлесін, QTV акциялар пакетін беру;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 маусымдағы № 674 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 849 қаулысымен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы өзектендірілді.

Жоғарыда көрсетілген құрылымдық өзгерістер Қоғамның Даму стратегиясына әсер ететінін назарға ала отырып, тиісті өзгерістер енгізу арқылы Қоғамның Даму стратегиясын өзектендіру қажеттілігі туындады.

Осыған байланысты, 2022 жылғы 25 ақпанда Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 04/22 хаттама) «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясына өзгерістер енгізілді.

Өзектендірілген Даму стратегиясы шеңберінде Қоғам қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, стратегиялық түйінді көрсеткіштері өзектендірілді.

№	Стратегиялық бағыттары	Мақсаты:	Міндеттері:	Қызметтің стратегиялық түйінді көрсеткіштері
1.	Қазақстанда ТИ нарығын және ұлттық экономиканы ілгерілету және дамыту	Өңірлік және халықаралық әріптестермен ынтымақтастық және инвестициялық қызметке ESG стандарттарын енгізу арқылы Қазақстанның жоғары инвестициялық тартымдылығы	ТИ әлеуетін инвестицияланатын капитал, байланыстардың іскерлік желісі, ҚКМ қызметкерлерінің тәжірибесі мен білімі арқылы активтер класы ретінде іске қосу халықаралық танылған экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық стандарттарға (ESG) негізделген тұрақты бизнесті дамытуға жәрдемдесу	ҚКМ қаражатының бірлігіне ҚР-ға тартылған инвестициялардың коэффициенті ҚКМ жалпы активтерінен инвестициялық портфелінің үлесі (қазынашылық операцияларды қоспағанда) Тұрақты даму бойынша рейтинг
2.	ҚКМ инвестициялық портфелін ұлғайту	Қоржындық компаниялардың құнын ұлғайту және МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларының, стресті активтер мен венчурлік қаржыландырудың жергілікті нарығын дамыту	өңірде нарық көшбасшысы болуға үлкен әлеуеті бар кәсіпкерлік субъектілерін дамыту АӨК-дегі қаржыландырудың қолжетімділігін, өндірісті техникалық жарақтандыру және қарқынды деңгейін арттыру МЖӘ инфрақұрылымдық жобаларының, стресті активтер мен венчурлік қаржыландырудың жергілікті нарығын дамыту	Жылына жаңа инвестициялар көлемі (кәпитивті қорларды қоса алғанда) АӨК саласындағы негізгі капиталға инвестициялар көлемі (бір жылға), оның ішінде: - ауыл шаруашылығында; - тамақ өнімдерін өндіру саласында. ТИ нарығындағы ҚКМ жаңа бастамаларының саны
3.	Ұйымның өнімділігін арттыру	Операциялық процестерді жақсарту арқылы жоспарланған рентабельділік пен шығынсыздық деңгейін сақтай отырып, ҚКМ үздіксіз қызметін қамтамасыз ету	әрбір инвестиция бойынша кірістіліктің оң нормасын тәуекелсіз мөлшерлеме деңгейінен жоғары белгілеуге және инвестициялар портфелі құнының жылдық мультипликаторына 1-ден жоғары қол жеткізуге бағытталу	ROA

2022 жылы ҚКМ Қоғамның 2024–2033 жылдарға арналған Даму стратегиясын әзірлеуге кіріседі.



Тәуекелдерді басқару жүйесі

ҚКМ-те Директорлар кеңесі бекіткен, тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне қатысушыларды айқын анықтайтын құрылым бар. Құрылым ҚКМ басқарушы директорына, Басқарма мүшесіне есеп беретін тәуекелдерді басқару департаментінің болуын қарастырады және өз қызметінде тәуелсіз бөлімше болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі бекітілген саясат ҚКМ негізгі ішкі құжаты болып табылады және тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымын, органдардың, комитеттердің және құрылымдық бөлімшелердің, атап айтқанда Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің, Басқарманың, Инвестициялық комитеттің, Тәуекелдерді басқару департаментінің, Ішкі аудит қызметінің және өзге де құрылымдық бөлімшелелерінің рөлі мен міндеттерін айқындайды.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаттары төмендегілер болып табылады:

- тиімді кешенді жүйені құру және ҚКМ элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру;
- ҚКМ жұмыс тиімділігі мен даму тұрақтылығын арттыру, шығындарды азайту, кірістілікті арттыру және капиталды тиімді пайдалану;
- ҚКМ қызметінің ауқымына сай келетін қолайлы тәуекелдердің қабылдануын қамтамасыз ету;
- дағдарыс жағдайларында ҚКМ қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

ҚКМ тәуекелдерді басқарудың негізгі қағидаттары:

- тұтастық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлігінде ҚКМ жиынтық тәуекелінің элементтерін қарастыру;
- ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарастыруға тыйым салу;
- құрылымдық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі нақты құрылымға ие;
- ақпараттылық – тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді;

- үздіксіздік – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;
- өзектілік – тәуекелдерді басқару рәсімдері мен тетіктерін үнемі жетілдіру;
- ҚКМ басқармасы мен Директорлар кеңесін қоса алғанда, барлық құрылымдық бөлімшелердің «төменнен-жоғары» қағидаты бойынша тиісті тәуекелдердің өзгерістері, жай-күйі және мөлшері, барлық стандартты емес операциялар мен жағдайлар туралы ақпаратты уақытылы және шұғыл беруі;
- тартылу – ҚКМ жоғары басшылығын, яғни Басқарма мен Директорлар кеңесін тәуекелдерді басқару және бақылау ортасын құру процесіне тарту;
- өкілеттіктерді бөлу – қызметкерлердің өкілеттіктерін нақты бөлу және қызметкердің жауапкершілік саласы мүдделер қақтығысына мүмкіндік беретін жағдайларды болдырмау;
- тәуелсіздік – Қоғам қызметінің барлық бағыттары бойынша тәуекелдерді басқару ҚКМ тиісті құрылымдық бөлімшелерімен операциялық қызметтен тәуелсіз жүргізілуі тиіс;
- циклдік – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің үнемі қайталанатын циклын білдіреді.


Тәуекелдерді басқару жүйесі келесі негізгі элементтерді қамтиды:

- мақсаттарды анықтау – ҚКМ сыртқы және ішкі көздерден туындайтын тәуекелдерге ұшырайды және мақсаттарды қою тәуекелдерді басқару әдістерін сәйкестендіру, бағалау және әзірлеу тиімділігінің негізгі шарты болып табылады. ҚКМ мақсаттары мен міндеттері тәуекел тәбетімен келісіледі;
- тәуекелдерді сәйкестендіру – ҚКМ ұшыраған немесе ұшырауы мүмкін ішкі және сыртқы тәуекелдерді анықтау, олардың басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін;

- тәуекелдерді өлшеу – ҚКМ тәуекелдерінің мөлшері мен ықтималдығын объективті түрде анықтауға мүмкіндік беретін жүйе мен құралдарды әзірлеу және пайдалану;
- тәуекелдерді барынша азайту – шығындарға алып келетін оқиғалардың немесе мән-жайлардың басталу ықтималдығын азайтуға және (немесе) ықтимал залалдар мөлшерін азайтуға (шектеуге) бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыруды көздейді;
- тәуекелдерді бақылау – ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі және тәуекелдерге барынша жол берілетін лимиттерді (шектеулерді) белгілеу;
- тәуекелдер мониторингі – ҚКМ негізгі тәуекелдерінің деңгейін тұрақты бағалау және максималды рұқсат етілген лимиттерді сақтау.

Қоғам тоқсан сайын ҚКМ негізгі тәуекелдеріне мониторинг жүргізеді және ҚКМ басқармасы мен Директорлар кеңесінің қарауына шығарады. Екінші деңгейдегі банктердің тұрақсыз қаржылық жай-күйін ескере отырып, екінші деңгейдегі банктер мен бағалы қағаздар эмитенттерінің қаржылық жай-күйіне ай сайын талдау жүргізіледі. Тәуекелдерді басқару департаменті олардың рейтингтерінің өзгеруі, банктердің пруденциалдық нормативтерді сақтауы туралы ақпаратты қамтиды, оның негізінде ҚКМ Басқармасының қарауына есеп шығарылады және қазынашылық қоржынының несие тәуекелдерін төмендету бойынша тиісті шаралар қабылданады.


Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 7 желтоқсандағы шешімімен (№ 21/21 хаттама) тәуекелдердің 21 түрін қамтитын ҚКМ тәуекелдер тіркелімі бекітілді. Тәуекелдерді жіктеу үшін ҚКМ келесі санаттар бойынша тәуекелдерді топтастыру қолданылады: операциялық тәуекел, негізгі қызмет тәуекелі, стратегиялық тәуекел, қаржылық тәуекел, құқықтық тәуекел, корпоративтік басқару тәуекелі, аудиторлық тәуекел, сыбайлас жемқорлық және алаяқтық тәуекелі.



Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс шеңберінде 2021 жылы төмендегідей ішкі құжаттарды енгізу немесе өзектендіру бойынша кешенді жұмыс жүргізілді:

- 2021 жылғы 29 маусымдағы ҚКМ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты (№ 10/21 хаттама);
- ҚКМ Басқармасының 2018 жылғы 16 наурыздағы шешімімен бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ тәуекелдерді басқару жүйесін дамыту стратегиясы (ҚКМ Басқармасының 2021 жылғы 15 маусымдағы шешімімен жаңа редакцияда өзектендірілген және бекітілген);

- ҚКМ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 маусымдағы шешімімен (№ 10/21 хаттама) бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ бизнес-үдерістерін, оларға тән тәуекелдер мен бақылауларды анықтау әдістемесі;
- ҚКМ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 29 маусымдағы шешімімен (№ 10/21 хаттама) бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ тәуекелдерді басқару ережелері.





Тұрақты Даму

Қоғам ҚКМ және оның еншілес ұйымдарының қызметіне корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы үздік тәжірибелер мен тұрақты даму қағидаттарының бірігуіне ерекше көңіл бөледі. ҚКМ «жауапты инвестициялау» тәжірибесін енгізу бойынша жұмыс жүргізеді, оның негізгі мақсаты қоржындық компаниялар Қоғамға және қоршаған ортаға көрсететін тәуекелдерді төмендету және олардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту үшін компаниялардың бизнес-процестерінің тұрақтылығын арттыру болып табылады.

«Жауапты инвестициялау» моделіне көшу шеңберінде Қоғам Жауапты инвестициялау қағидаттары бойынша БҰҰ қауымдастығына (un Principles of Responsible Investments) кіру жөніндегі мәселені пысықтауда. Қызметі инвестициялық қызметке ESG стандарттарын енгізу жолымен «жауапты инвестициялау» тұжырымдамасын дамытуға бағытталған халықаралық ТИҚ Қауымдастық мүшелері болып табылады. Қауымдастыққа кіру институционалдық инвесторлармен жауапты инвестициялау саласында тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді және ESG стандарттарын бизнес-процестерге интеграциялау прогресін бағалауға мүмкіндік береді.

Жобаларды іске асырудың оң экологиялық және әлеуметтік әсерлерін арттыру мақсатында ҚКМ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 қыркүйектегі (№ 16/21 хаттама) шешімімен ҚКМ Тұрақты даму саясаты өзектендірілді, онда инвестицияларды алушыларға қойылатын экологиялық және әлеуметтік талаптар және қолдау көрсету процесі шеңберінде оларды қолдану рәсімдері, сондай-ақ жобаларды іске асыруды мониторингілеу процесі әзірленді.

Тұрақты даму саясаты қоржындық компаниялар үшін ESG рейтингтерін беру әдістемесін де қамтиды, оның көрсеткіші тиісті практикаларды сақтау сапасын және олардың базалық халықаралық бағдарларға, стандарттарға және тұрақты даму саласындағы үздік практикаларға сәйкестігін бағалау негізінде қоржындық компанияның бизнестің экологиялық және әлеуметтік тәуекелдеріне, сондай-ақ корпоративтік басқару тәуекелдеріне бейімділігін көрсетеді.

Тұрақты даму саясатын іске асыру үшін ҚКМ Басқармасының 2021 жылғы 2 қарашадағы шешімімен (№ 58/21 хаттама) «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының тұрақты даму саласындағы 2021–2022 жылдарға арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді, оған тұрақты даму қағидаттарын ҚКМ негізгі процестеріне және ҚКМ әкімшілік-шаруашылық қызметіне енгізуге, корпоративтік басқаруды дамытуға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша іс-шаралар кіреді.

Сондай-ақ, есепті кезеңде ҚКМ инвестициялық саясатына жобаларды ESG стандарттарына сәйкестігін бағалау бойынша талаптарды енгізу мәселесі пысықталды, бұл ESG стандарттарын енгізуге және байланысты тәуекелдер митигациясына ұмтылатын жобаларға қаржылық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұрын инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде ҚКМ кэптивті ТИҚ даму индексін назарға алды, ол:

- экономикадағы шығарылымның ұлғаюын;
- өнімділікті арттыруын;
- экспорттық әлеуетті арттыруын;
- экономиканың жеке секторын дамытуын;
- салалардың басымдылығын;
- тұрақты әлеуметтік дамуға әсерін көрсетті.

«Жасыл» жобаларды іске асыру қоршаған ортаға көмірқышқыл газы шығарындыларының санын азайту, қоршаған ортаға жүктемені және табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, ел халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыру арқылы «жасыл» экономикаға көшу мақсатында жүйелі түрде өзгерістер енгізуді көздейді.

ҚКМ қоржынында «жасыл» энергетика саласында жалпы қаржыландыру сомасы 12,4 млрд теңгеге, жиынтық қуаты шамамен 200 МВт болатын бірқатар жобалар бар:

1. Қарағанды облысы, Жезқазған қаласында қуаты 10 МВт «Кеңгір» күн электр станциясының құрылысы.

«Kaz Green Energy» ЖШС «Кеңгір» күн электр станциясын салу жобасын іске асырды, 2020 жылдың қаңтарында пайдалануға берілді.

2. Қызылорда облысында қуаты 50 МВт «Байқоңыр» күн электр станциясының құрылысы.

«Байқоңыр» электр станциясын салу және пайдалану жөніндегі жобаны «Вайкопуг Solar» ЖШС, «Baiterek Venture Fund» АҚ (49%) және UG Energy Ltd бірлескен кәсіпорны (51%, Біріккен Корольдік) іске асыруда, жобаның серіктестері ЕҚҚДБ, АДБ және СТФ болды. 150 гектар аумақта 151 мың күн панелі және 14 инверторлық станция орнатылған. Оларға 20-дан астам адам қызмет көрсетеді. Өндірілетін энергия көлемі облыс орталығында және көрші аудандарда энергия тапшылығын жабу үшін жеткілікті. «Байқоңыр» электр станциясы қызметінің нәтижесі – 2019 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілген сәттен бастап «жасыл» электр энергиясының 4.4 млн кВт*сағ, бұл шамамен 75 мың тонна парниктік газдар шығарындыларының алдын алуға мүмкіндік берді.

3. Ақмола облысында қуаты 100 МВт «Астана Ехро-2017» жел электр станциясының бірінші және екінші іске қосу кешенін салу.

Жел электр станциясы әрқайсысы

50 МВт болатын екі іске қосу кешенінен тұрады. 2019 жылғы тамызда бірінші іске қосу кешені пайдалануға берілді, 2020 жылғы қарашада екінші іске қосу кешені іске қосылды. Станция Ақмола облысында Нұр-Сұлтан қаласынан 40 км жерде орналасқан. «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС жүзеге асырған «Астана ЕХРО-2017» жел электр станциясын салу жобасын іске асыру 10 000-нан астам отбасының жылдық тұтынуын экологиялық таза энергиямен қамтамасыз етті.

4. Шығыс Қазақстан облысындағы қуаты 24,9 МВт Тұрғұсұн-1 су электр станциясы. ШҚО Алтай ауданындағы Тұрғұсұн өзенінде Тұрғұсұн ГЭС-ін салу осы ауданның электр энергиясына қажеттілігінің 23%-ын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрғұсұн су электр станциясының құрылысы Шығыс Қазақстан облысында электр энергиясын өндірудің өзіндік құнын төмендетіп, оның тапшылығын жылына 78 млн киловатт-сағатқа қысқартты. Сондай-ақ, Тұрғұсұн ГЭС іске қосылғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысында атмосфераға көміртегі тотығы шығарындыларының жылына 680 тоннаға азаюы болжанып отыр. Тұрғұсұн-1 тәрізді шағын су электр станциялары еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қолдап қана қоймай, сенімді экономикалық даму үшін ресурстардың бірі бола алады.

Қоғамда тұрақты дамуды басқару ҚКМ қызметін корпоративтік басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚКМ Директорлар кеңесі тұрақты дамудың енгізілуіне стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады.

ҚКМ басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын бекітеді. ҚКМ басқармасы Директорлар кеңесінің қарауына есепті жылдан кейінгі жылдың 3-тоқсанында тұрақты даму туралы есепті жыл сайынғы негізде ұсынады.

Өз құзыреті шеңберінде тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру және қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін тиісті құрылымдық бөлімшелердің басшылары, басқарушы директорлар, ҚКМ Басқарма мүшелері дербес жауапты болады.

Гендерлік теңдік мәселесі БҰҰ-ның тұрақты дамуының 17 мақсатының бірі болып табылады. Осы бағыттағы жұмысты дамыту мақсатында 2021 жылғы 5 қарашада «Ауылдағы әйелдер кәсіпкерлігі – экономикалық тұрақтылық пен тұрақты дамуға апаратын жол» атты Қазақстанның ауыл әйелдерінің IV форумын өткізу аясында ҚКМ «Closing the Gender Gap» дүниежүзілік экономикалық форумының акселераторына қосылды.

«Closing the Gender Gap» акселераторы экономикадағы гендерлік алшақтықты жою мақсатында құрылған жаһандық бастама болып табылады. Акселератордың қызметі әйелдерді жұмысқа орналастыру бойынша мәселелерді шешуге, оның

ішінде жұмыс орындарына қолжетімділікті жеңілдетуге, еңбекақыны тең төлеуді қамтамасыз етуге және басшы лауазымдардағы әйелдер санын арттыруға бағытталған.

Қол қойылған келісім шеңберінде Қоғам гендерлік алшақтық көрсеткіштерін қысқарту үшін және Қазақстан әйелдерінің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту үшін ортақ шешімдерді іздеу жөніндегі акселератордың жұмысына белсенді қатысады.

4.1. Әлеуметтік жауапкершілік

Әлеуметтік құрамдас бөлігі аясында ҚКМ қызметі келесілерге бағытталған:

- тең мүмкіндіктер беру қағидатына басшылық ету және жұмысқа жалдау, еңбекақы төлеу, оқуға рұқсат беру, лауазымын жоғарылату, жұмыстан шығару кезінде жынысы, нәсілі, тілі, діни, саяси және басқа да нанымдары, азаматтығы, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегі, шектеулі мүмкіндіктері сияқты негіздер бойынша өз қызметкерлерін кемсітуге жол бермеу;
- ақпаратты басқарудың заманауи технологиялары мен жүйелерін қолдана отырып, персоналды тұрақты оқыту және дамыту;
- Friday-talk форматында сарапшылармен кездесулерді, коучинг, кейстер, ми шабуылы түрінде оқытудың озық нысандарын пайдалану.

ҚКМ кадр саясаты транспаренттілік қағидаттарына негізделеді және ҚКМ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі маңызды элемент ретінде білікті кадрларды тарту және ұстап қалу факторларын қамтиды.

Жұмыскерлердің еңбегінің нәтижелілігін және уәждемесін арттыру мақсатында төмендегілер арқылы еңбекке ақы төлеудің тиімді жүйесі пайдаланылады:

- қызметкерлердің еңбек нәтижелілігін бағалау жүйесін енгізу;
- қызметкерлердің біліктілігі, құзыреттілігі және еңбек нәтижелілігі деңгейіне негізделген сыйақының уәждемелі және ашық жүйесін енгізу;
- қызметкерлердің жұмысын бағалау және еңбек уәждемесі міндеттері мен мақсаттарының орындалуына мониторинг және бақылау енгізу.

ҚКМ, BVF, QTV, KPPF ұйымдық құрылымдары ҚКМ орталық аппаратының және ҚКМ еншілес ұйымдарындағы front-office бөлімшелерінің деңгейінде қолшатырлық back-office көзделеді.

2021 жылы тұрақты даму жобаларын және қаржыландырылатын жобаны қаржыландыру мақсатында қоршаған ортаға және/немесе әлеуметтік ортаға жасыл, әлеуметтік немесе өзге де облигацияларды орналастыру жүзеге асырылмады.

Жұмыспен қамту

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚКМ қызметкерлерінің жалпы орташа тізімдік саны – 41 адамды, сондай-ақ еншілес ұйымдарда 46 адамды құрайды.

Өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда тізімдік жалпы саны 30%-ға төмендеді.

Қызметкерлердің орташа тізімдік санының динамикасы

Ұйымның атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл
KCM	27	33	41
BVF	10	13	11
QTV	78	60	17
KPPF	17	18	18
Барлығы	132	124	87

ҚКМ қызметкерлерінің орташа жасы 37 жасты құрайды.

Қоғам бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2021 жылы 15%-ды, ҚКМ тобы бойынша 9%-ды құрады.

Ұйымның атауы	2021 жыл, %
ҚКМ	15
BVF	0
QTV	0
KPPF	0
Барлығы	9

Жасы мен жынысы бойынша ҚКМ бойынша кадрлардың тұрақтамауы:

	Гендерлік топтар		Жасына байланысты топтар		
	ерлер	әйелдер	30 жасқа дейін	30 жастан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары
ҚКМ	5	1	3	3	–

Кандидаттарды іріктеудің негізгі мақсаты бос лауазымдарға орналасу үшін білікті үміткерлерді жұмысқа тарту тұрғысынан персоналды басқару саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу арқылы ҚКМ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ету болып табылады. Адами ресурстарды басқарудың тиімді жүйесін құру сияқты міндеттер басым болып қала береді. Қызметкерлер маңызды ресурс ретінде қарастырылады, ал қызметкерлердің кәсібилігінің рөлі ҚКМ тиімді жұмысында маңызды рөл атқарады. Кәсібилік қызметкердің жеке қасиеттерінде де, ұжымдық білімде де қарастырылады.

Бос лауазымдар пайда болған кезде ҚКМ Басқармасының 2015 жылғы 7 сәуірдегі шешімімен (№ 13/18 хаттама) бекітілген «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ персоналын іріктеу, таңдау, жалдау және бейімдеу туралы ережеге сәйкес бірінші кезекте ҚКМ және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ аутсорсинг секторының қызметкерлері арасында ішкі конкурс өткізіледі. Содан кейін сыртқы конкурс жарияланады. Сыртқы үміткерлерді іздеу туралы ақпарат міндетті түрде ҚКМ сайтында, Facebook және LinkedIn-де жарияланады, өтінімдер электрондық пошта арқылы қабылданады.

2021 жылы ҚКМ жалдаған қызметкерлер жасы мен жынысы бойынша бөліністе:

Қызметкерлер	Барлығы	30 жасқа дейін	30 жасқа 50 жасқа дейін	50 жасқа жоғары
Ерлер	19	5	14	
Әйелдер	22	7	14	1
Барлығы	41	12	28	1

Әлеуметтік қолдау

2018 жылғы 29 қаңтарда ҚКМ Басқармасының шешімімен (№ 01/18 хаттама) Қазақстан Республикасының заңнамасына және ҚКМ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ҚКМ жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету түрлерін, шарттары мен тәртібін анықтайтын «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ жұмыскерлеріне Әлеуметтік қолдау көрсету ережесі бекітілді.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ әлеуметтік саясаты ҚКМ бәсекелестік артықшылығы болып табылады, оның еңбек нарығындағы тартымдылығын арттырады және жоғары білікті қызметкерлерді тартуға және ұзақ мерзімді ұстап тұруға бағытталған.

ҚКМ әлеуметтік саясатының базалық қағидаты әлеуметтік әріптестік болып табылады және осылайша менеджменттің құрамдас бөлігі – өз қызметкерлеріне қосымша жеңілдіктер, әлеуметтік сипаттағы қызметтер мен төлемдерді ұсынумен байланысты іс-шаралар.

ҚКМ өткізетін әлеуметтік бағдарламалардың негізгі мақсаты қызметкерлердің ынтасын арттыру, ынталы және адал еңбекті ынталандыру болып табылады.

1. Қызметкерлерге сапалы және әртүрлі медициналық қызметтерді алуға мүмкіндік беретін ерікті медициналық сақтандыру. Медициналық сақтандырумен ҚКМ бюджетінде көзделген қаражат есебінен қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері ерікті медициналық сақтандыру бағдарламасына сәйкес қамтамасыз етіледі. Медициналық сақтандыруға қаражат қызметкер ауырған жағдайда Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарымен заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалған шарттарға сәйкес немесе медициналық ұйымдармен медициналық көмек көрсету туралы шарттар бойынша жұмсалады. Бұл ретте бір жұмыскерге арналған медициналық сақтандыру шығыстары тиісті қаржы жылына 100 АЕК-тен аспауы тиіс.
2. Жыл сайынғы демалыс, маңызды оқиғаларға ақылы демалыс беру кезінде сауықтыруға арналған материалдық көмек (некеге тұруы, отбасы мүшесінің қайтыс болуы).
3. Қызметкерлерді жұмыс уақытында жазатайым оқиғалардан сақтандыру және кәсіби ауруларды сатып алу.
4. Бала тууға/бала асырап алуға байланысты материалдық көмек.
5. Жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы (жаңа туған балаларды) асырап алуға байланысты материалдық көмек. Жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасы шегеріле отырып, орташа жалақысы сақтала отырып, жүктілікке және босануға байланысты демалыс төленеді. Еңбек кодексінің 193-бабына сәйкес жүктілігі және босануы бойынша демалыс қызметкерге оның өтініші бойынша және белгіленген тәртіппен берілген еңбекке жарамсыздық парағы негізінде беріледі. Бала туылғаннан кейін үш жасқа дейінгі бала күтімі бойынша демалыс берілуі мүмкін. Ол сондай-ақ еңбек өтіліне есептеледі, бірақ жалақы сақталмайтын болады. Осындай демалыс қолданыстағы заңнамаға сәйкес бала асырап алған ата-аналарға беріледі.

«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ әлеуметтік саясаты ҚКМ бәсекелестік артықшылығы болып табылады, оның еңбек нарығындағы тартымдылығын арттырады және жоғары білікті қызметкерлерді тартуға және ұзақ мерзімді ұстап тұруға бағытталған.

ЖҮКТІЛІК ЖӘНЕ БОСАНУ, СОНДАЙ-АҚ БАЛА КҮТІМІ БОЙЫНША ДЕМАЛЫСТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:

Көрсеткіш	Жиыны, адам	ерлер	Оның ішінде әйелдер
2021 жылы жүктілікке және босануға байланысты демалысты, сондай-ақ бала күтіміне байланысты демалысты ресімдеген қызметкерлер саны	7	0	7
2021 жылы жүктілікке және босануға байланысты демалыстан, сондай-ақ бала күтіміне байланысты демалыстан оралған қызметкерлердің саны	2	0	2

6. Некеге тұруға байланысты материалдық көмек.
7. Қызметкерлерге тоқсандық сыйлықақылар, қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындау кезінде Басқармаға жылдық бонус.

Бұл ретте, әлемдік үздік тәжірибелердегі сияқты жетекші қызметкерлер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік міндеттермен байланысты көрсеткіштерді бекітеді.

ҚКМ өз қызметкерлерінің еңбегіне лайықты және уақытылы ақы төлеуге мүдделі, материалдық сыйақы мәселелерінде ашық тәсілдерді қолданады және еңбек нарығында жалақының жоғары бәсекелестік деңгейін қолдауға ұмтылады. ҚКМ еңбекақы төлеу жүйесі қызметкерлерді сапалы және нәтижелі еңбекке ынталандыруға бағытталған.

ҚКМ кемсітушілікке жол бермейді және еңбекке ақы төлеуге тең көзқарасты ұстана отырып, ерлер мен әйелдер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге ұмтылады. Қызметкерлердің өз мүдделерін білдіретін қоғамдық ұйымдарды құру немесе оларға қосылу құқықтарын шектемейді. ҚКМ қызметкерлері, егер ол лауазымдық міндеттерін орындауға әсер етпесе, сондай-ақ қоғамға зиян келтірмесе, кез келген саяси, білім беру, қайырымдылық немесе қоғамдық қызметпен айналыса алады.

Егер ҚКМ-де белгілі бір себептерге байланысты қызметкерлердің еңбек жағдайлары өзгеруі мүмкін болса, ҚКМ қызметкерлерді Еңбек шартына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес болуы мүмкін өзгерістер туралы жазбаша хабардар етеді. Еңбек жағдайлары өзгерген кезде еңбек шартына тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік

ҚКМ және оның еншілес ұйымдары үшін сөзсіз басымдық Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, осы саладағы ҚКМ ішкі құжаттарының талаптарына қатаң сәйкестікте еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. ҚКМ ұлттық және халықаралық талаптарды мүлтіксіз сақтауға және еңбекті қорғауды басқару деңгейін тұрақты арттыруға ұмтылады.

Пандемия бүкіл әлемге айтарлықтай әсер етті, үкіметтер шектеулер қою арқылы коронавирустың таралуын болдырмау үшін шаралар қабылдады. Өз кезегінде, ҚКМ қызметкерлерді қашықтан жұмыс істеу режиміне ауыстыра отырып, міндетті әлеуметтік қашықтықты, кеңселерде дезинфекциялау бойынша қатаң санитарлық-эпидемиологиялық рәсімдерді енгізді.

2021 жыл бойы ҚКМ жұмыс режимі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулыларына сәйкес жедел түзетілді.

COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында ҚКМ-де қызметкерлер арасында сырқаттанушылық қаупін төмендету үшін барлық қарсы іс-қимыл және алдын алу шаралары қабылданды:

- ҚКМ қызметкерлерін жеке қорғаныс құралдарымен, дезинфекциялық құралдармен қамтамасыз ету ұйымдастырылды;
- персоналмен жұмыс жүргізілді, карантин режимінің ерекшеліктері мен мінез-құлық ережелері туралы хабардар етілді;
- қашықтан жұмыс режиміне қызметкерлер уақытылы ауыстырылған;
- пандемия кезінде үздіксіз қызметті қамтамасыз ету жоспары қайта қаралды/әзірленді;
- қызметкерлер қажетті жабдықтармен, бағдарламалық-техникалық құралдармен, ақпаратты қорғау құралдарымен және өзге де құралдармен қамтамасыз етілді.

Барлық құрылымдық бөлімшелердің үйлесімді жұмысының арқасында қашықтан жұмыс істеуге көшу маңызды проблемаларсыз өтті.

Дайындық және білім беру

ҚКМ компаниялар тобындағы қызметкерлерді оқыту, біліктілігін арттыру қажеттіліктері ішкі және сыртқы факторларға байланысты: стратегиялық міндеттердің өзгеруі, заңнаманың өзгеруі, жаңа бағдарламалардың енгізілуі, қызметкерлердің кәсіби өсуі мен дамуы, жаңа міндеттер мен мақсаттардың қойылуы және т. б. Оқыту және біліктілікті арттыру жүйесіндегі оқыту іс – шараларының саны 2021 жылы 90 іс-шараны (семинарлар, курстар, тренингтер) құрады, оның ішінде 77 іс-шара Coursera сияқты оқыту платформалары арқылы

персоналды өзін-өзі дамытуға ынталандыру бағдарламалары, қалған 13 іс-шара онлайн форматта өткізілді. Оқумен 50-ден астам адам қамтылды. Орташа алғанда бір қызметкер 2 немесе одан да көп тренингтер/семинарлардан өтті. ҚКМ компаниялар тобында оқыту саясаты қызметкерлердің жеке-іскерлік құзыреттерін (softskills) дамытуға бағытталған.

Қызметкерлер қызметінің тиімділігін басқарудың бірыңғай қағидаттарын, сондай-ақ жұмыскерлерді көтермелеу және сыйлықақы берудің ашық критерийлерін қамтамасыз ету мақсатында мерзімді негізде ҚКМ жұмыскерлерінің тиімділігін бағалау жүргізіледі.

Тиімділікті бағалау ережелеріне сәйкес, қызметкерлер сынақ мерзімінде бағалауға жатпайтынын назарға ала отырып, есепті кезеңде ҚКМ-де қызметкерлердің 88%-дан астамы тиімділік бағалауынан өтті, оның ішінде 41%-ы – басқарушы қызметкерлер мен құрылымдық бөлімшелердің басшылары және 59%-ы – әкімшілік қызметкерлер.

Қызметкерлерге әділ сыйақы қолдану мақсатында ҚКМ-де жүктелген міндеттердің күрделілігі мен жауапкершілігіне байланысты сыйақы схемаларын айқындайтын грейдтер жүйесі қолданылады. Айта кетейік, бұл жүйе сыйақыны анықтау кезінде гендерлік айырмашылықтарды болдырмайды. ҚКМ грейдтерінің құрылымы бөлінісінде нақты айлықақыны салыстыру кезінде ерлер мен әйелдердің еңбекақысында айырмашылықтар жоқ.

Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер

2021 жылы ҚКМ әлеуметтік-еңбек қатынастарын құқықтық реттеу ҚКМ еңбек заңнамасына және жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес іске асырылды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы ҚКМ компаниялар тобы бойынша гендерлік құрылым 45 әйел мен 51 ер адамнан тұрады.

Компанияның атауы	әйелдер	ерлер
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	33	25
«QazTech Ventures» АҚ	3	5
«Baiterek Venture Fund» АҚ	3	9
«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС	6	12

ҚКМ компаниялар тобы бойынша орташа жас 2021 жылы 36, ал 2020 жылы 38 жасты құрады.

Компанияның атауы	2020	2021
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	35	36
«QazTech Ventures» АҚ	39	37
«Baiterek Venture Fund» АҚ	42	34
«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС	36	35

Еңбек қатынастары тәжірибесі.

Қазақстан Республикасының Еңбек және еңбек қатынастары саласындағы заңнамасын, Халықаралық еңбек ұйымының конвенцияларын басшылыққа ала отырып, ҚКМ Конвенцияның мәні болып табылатын негізгі құқықтарға қатысты қағидаттарды сақтайды, атап айтқанда:

- бірлестік бостандығы және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығын пәрменді тану;
- мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің барлық нысандарын жою;
- балалар еңбегіне тыйым салу;
- еңбек және жұмыс саласында кемсітушілікке жол бермеу.

Есепті кезеңде ҚКМ-ге еңбек қатынастары тәжірибесін бұзғаны үшін шағымдар болған жоқ. Сонымен қатар, мұндай шағымдар болған жағдайда эмитентте дауларды алдын ала талқылау және медиация үшін ішкі құралдар (Омбудсмен және Комплаенс) енгізілген.

Демеушілік және қайырымдылық

Қоғам 2021 жыл ішінде қайырымдылық бойынша мынадай жобаларды іске асырды:

- Балаларды қорғау күніне орай Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің жанындағы «Мамандандырылған балалар үйінің» жетім балаларына қайырымдылық көмек көрсетілді, қызметкерлердің қаражаты есебінен мереке мен күнделікті тұрмысты ұйымдастыру үшін қажетті балалар заттары сатып алынды.
- «Baiterek – Open Hearts» қайырымдылық жәрмеңкесі. Осы іс-шара аясында қызметкерлердің жұмыстары (аспаздық пісіру, суреттер, мүсіндер, фотосуреттер және қолданбалы өнердің басқа да жұмыстары) сатылымға қойылды. Осы іс-шарадан түскен қаражат жаңа жылдық шыршаны ұйымдастыруға және Қазақстан Республикасының Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығында (Нефрология, Ортопедия, Транспланттау, Соматикалық аурулар және Неврология бөлімшелері) ұзақ уақыт емделіп жатқан күрделі аурулары бар балаларға сыйлықтар сатып алуға жұмсалды.
- 1 қыркүйек – Білім күніне орай аз қамтылған отбасылардың әлеуметтік осал отбасыларына мектеп керек-жарақтарын сатып алу бойынша көмек көрсету арқылы қайырымдылық көмек көрсетілді.
- «Халықаралық қарттар күніне» орай эмитент қызметкерлерінің қаражаты есебінен жалғыз басты қарттарға азық-түлік және дәрі-дәрмектерге ақшалай қаражат беру арқылы қайырымдылық көмек көрсетілді.
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-да «Донор күні» өтті, оның барысында эмитент қызметкерлері қан тапсырды. Донорлық қан қабылдау пунктін «Бәйтерек» бизнес орталығы ғимаратында Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығының қызметкерлері ұйымдастырды. Толық емес жұмыс күні ішінде 30 литрден астам қан тапсырылды. Донор беретін 450 мл қанның физиологиялық дозасы үш адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

ҚКМ Басқармасының 2019 жылғы 27 ақпандағы шешімімен «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмысын ұйымдастыру ережесі бекітілді. Көрсетілген құжат ҚКМ ресми https://kcm-kazyна.kz интернет-ресурсында клиенттерді, контрагенттерді, серіктестерді және жұртшылықты Қоғамда қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен талаптар туралы хабардар ету мақсатында жарияланған.

Осы Саясатқа сәйкес Қоғам 2021 жыл ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай шаралар қабылдады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді, оның нәтижелері тоқсан сайын ҚКМ басшылығының назарына жеткізілді;
- инвестициялық жобаларға сараптама жүргізу, ҚКМ үшін тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді сатып алуға қатысатын әлеуетті жеткізушілерді тексеру кезінде ҚКМ лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінде мүдделер

4.2. Экологиялылығы

Тұрақты дамудың экологиялық компоненті аясында ҚКМ қызметі келесі бағыттарға бағытталған:

- Қазақстанның тұрақты дамуына жәрдемдесу мақсатында Қазақстанда тікелей инвестициялау инфрақұрылымын дамыту;
- ірі индустриялық жобаларды қолдау шеңберінде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысу;
- инвестициялық процестің барлық кезеңдеріне ESG-факторларды енгізу – жобалық ұсыныстарды іздеуден бастап қаржыландырылған жобалардың экологиялық және әлеуметтік әсерінің мониторингіне дейін;
- инвесторлар үшін қаржылық емес ақпаратты ашудың маңыздылығын сезіне отырып, инвестициялар тарту және қаржы құралдарын ішкі және сыртқы нарықтарда танымал ету.

ҚКМ қоршаған ортаға көмірқышқыл газының шығарылуын азайтуға, қоршаған ортаға жүктемені және табиғи ресурстардың тозуын барынша азайта отырып, ел халқының әл-ауқатын, өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған «жасыл» жобаларды іске асыруға ерекше назар аударады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚКМ қоржынында жалпы қаржыландыру сомасы 12,4 млрд теңгеге «жасыл» энергетика саласында бірқатар жобалар бар. Парниктік газдар шығарындыларын азайтуға әсер еткен жобалардың бір мысалы «жел энергиясын түрлендіруге бағытталған «Қуаты

қақтығысы белгілерінің болуына талдау, сондай-ақ тиісті контрагенттерге қатысты жағымсыз фактілердің болуына тексеру жүзеге асырылады;

- Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы және ішкі нормативтік құжаттардың талаптары саласында қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі;
- ҚКМ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру аясында ҚКМ барлық қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау және Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша оқыту жүргізілді;
- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне 2021 жылдың I және II жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат жолданды.

100 МВт «Астана EXPO-2017» жел электр станциясы» жобасы болып табылады. Осы жобаны іске асыру 10 000-нан астам отбасының жылдық тұтынуын экологиялық таза энергиямен қамтамасыз етті. Жел электр станциясы жылына 79 000 мың тоннадан астам шартты отынды үнемдейді, парниктік газдар шығарындыларын жылына 230 000 тоннаға азайтады, бұл 113 000 автомобиль шығарындыларының көлеміне тең.

ҚКМ инвестициялық жобаларды қарастыру кезінде ғана емес, сонымен қатар операциялық қызметте де экологиялылық мәселелеріне назар аударады.

Бұл ретте, Қоғамның өз ғимараты жоқ екенін және орналастыру қазіргі заманғы стандарттарға жауап беретін бизнес-орталықта үй-жайларды жалға алу шартымен жүзеге асырылатынын және үй-жайларды көп мөлшерде табиғи жарықпен және жылу мен электр энергиясын үнемдеуге ықпал ететін климат-бақылау жүйелерімен қамтамасыз ететін тиімді жоспарлардың, панорамалық терезелердің болуын көздейтінін атап өту қажет.

Сонымен қатар, үй-жайлар қоқысты іріктеп жинауға арналған контейнерлердің әртүрлі түрлерімен жабдықталған.



Корпоративтік басқару

5.1. Эмитенттің корпоративтік басқару жүйесі

Қоғам өз қызметін «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның 2018 жылғы 12 қаңтардағы шешімімен (№ 01/18 хаттама) бекітілген Корпоративтік басқару кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) негізінде жүзеге асырады және корпоративтік басқарудың халықаралық үрдістеріндегі, ұлттық заңнамадағы негізгі өзгерістерді тұрақты негізде қадағалап отырады және корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесін енгізеді.

Корпоративтік басқарудың бекітілген моделі шешімдер қабылдау жүйесінің тиімділігін, Жалғыз акционердің мүдделерін, ақпаратты ашудың жоғары стандарттарын, тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес ҚКМ корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары:

1. өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқарманы тиімді басқару қағидаты;
4. тұрақты даму қағидаты;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. ҚКМ қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттары.

ҚКМ Директорлар кеңесінің шешімімен 2021 жылдың қараша айында Кодекстің келесі негізін қалаушы қағидаттарын іске асыруға бағытталған «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының 2021–2022 жылдарға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді:

1. өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидатын сақтау мақсатында келесі іс-шаралар көзделген: Қоғамның және еншілес ұйымдардың ішкі нормативтік құжаттарын ағымдағы қызметке сәйкестігі тұрғысынан өзектендіру; Қоғам Басқармасы мүшелері қызметінің тиісті жылға арналған нысаналы мәні бар түйінді көрсеткіштерінің картасын бекіту; Басқарма мүшелері қызметінің есепті жылдағы негізгі көрсеткіштері картасының орындалуын бағалау жөніндегі ақпаратты дайындау және Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің қарауына шығару; Қоғамның Директорлар кеңесінің алдағы кезеңге арналған жұмыс жоспарын бекіту;

2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидатын сақтау мақсатында келесі іс-шаралар көзделген: дивидендтік саясатқа сәйкес Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтер төлеуді қамтамасыз ету; Қоғамның рентабельділігі мен тұрақты дамуына әсер ететін Даму стратегиясының және басқа да аспектілердің мәселелерін талқылау үшін Жалғыз акционердің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен Қоғам қызметкерлерінің (басқарушы директорлардың/ директорлардың) кездесулерін/отырыстарын өткізу;
3. Қоғамды тиімді басқару қағидатын сақтау мақсатында Директорлар кеңесі мен Басқармада келесі іс-шаралар көзделген: Қоғамның Даму стратегиясының іске асырылуына мониторинг жүргізу; Қоғамның 2019–2023 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы есептерді бекіту, Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау/сақтамау, Қоғамның корпоративтік басқару қағидаттарын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын орындау; Қоғамның өкілдерімен кездесулер және/немесе Қоғамның тәуелсіз директорларының стратегиялық сессияларын өткізу; Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің және Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің қарауына жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы Омбудсменнің есебін ұсыну; Қоғам Басқармасы мүшелерін оқыту және дамыту жоспарын әзірлеу; қызметкерлерді корпоративтік басқару саласында оқыту; персоналдың тарту деңгейін тұрақты бағалау; кадр резервінің құрамын мониторингілеу және жаңарту;
4. тұрақты даму қағидатын сақтау мақсатында тұрақты даму туралы есепті, Тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын және осы жоспарды іске асыру жөніндегі есепті бекіту жөніндегі іс-шаралар айқындалды;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаттарын сақтау мақсатында келесі іс-шаралар көзделген: жұмысқа қабылдау кезінде жаңа қызметкерлер үшін кіріспе нұсқамалық өткізу, сондай-ақ Қоғамда қолданыстағы тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша Қоғамның жұмыс істеп жүрген қызметкерлерін оқыту; Қоғамның корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалау; тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын, тәуекел-тәбетті және Қоғам тәуекелдері бойынша есепті бекіту;
6. корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидатын сақтау мақсатында келесі іс-шаралар көзделген: Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін мүдделер қақтығысын реттеу рәсімдерімен таныстыру және оларды сақтау; басшылар мен жұмыскерлерге еңбек заңнамасы мәселелері бойынша

консультация беру; Қоғамның корпоративтік және команда құрайтын іс-шараларын ұйымдастыру, сондай-ақ Холдинг компаниялары тобы үшін ұйымдастырылған іс-шараларға қатысу;

7. Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаттарын сақтау мақсатында келесі іс-шаралар көзделген: Қоғамның медиа-жоспарын бекіту; Қоғамның бекітілген жылдық есебін Қоғамның корпоративтік веб-сайтына жариялау; жылдық есептер конкурсына қатысу; «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында/қаржылық есептілік депозитарийінде мүдделі тараптарға ақпаратты тұрақты, жүйелі ашуды

қамтамасыз ету; Қоғам/ЕҰ корпоративтік басқару жүйесінің бағалау нәтижелерін Қоғам/ЕҰ корпоративтік интернет-ресурсына жариялау; Қоғамның ақпараттық ресурстарында компания қызметі туралы түсіндірме-ақпараттық бейнероликтер дайындау және жариялау.

Бұдан басқа, жыл сайынғы негізде Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау туралы есеп қалыптастырылады және бекітіледі, онда ҚКМ Корпоративтік басқару кодексін тиісінше сақтау мәселелері бойынша мониторинг нәтижелері және оның қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар туралы толық ақпарат қамтылады (қоса беріледі).

5.2. Корпоративтік басқару құрылымы

ҚКМ корпоративтік басқару моделі ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз етуге бағытталған және ҚКМ органдары, лауазымды тұлғалары және қызметкерлері арасында өкілеттілік пен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды қарастырады.

Жарғыға сәйкес негізгі органдар:

- Жалғыз акционер – ҚКМ жоғары басқару органы;
- Директорлар кеңесі – басқару органы;
- Басқарма – атқарушы орган;


ҚКМ Қаржы-шаруашылық қызметін, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын орган Ішкі аудит қызметі болып табылады.

ҚКМ Директорлар кеңесінің жанында құзыретіне аудит және тәуекелдер, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша мәселелерді қарау кіретін комитеттер жұмыс істейді.

Қызметтің жекелеген бағыттары бойынша басқарма үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін, оның ішінде Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды және алдын ала қарауды жүзеге асыру үшін комитеттер, оның ішінде Қызметті жоспарлау және бағалау жөніндегі комитет, сондай-ақ Инвестициялық комитет құрылды.

Кодекске сәйкес ҚКМ өз қызметінде Кодекстің ережелерін қатаң сақтауға және ішкі аудит қызметінің корпоративтік басқаруына екі жылда 1 рет бағалау, сондай-ақ сыртқы аудиторларды тарта отырып, корпоративтік басқаруға үш жылда кемінде 1 рет тәуелсіз бағалау жүргізуге міндетті, оның нәтижелері Қоғамның интернет-ресурсында жарияланады.

ҚКМ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен (№ 2/22 хаттама) Қоғамдағы корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша «Корпоративтік басқару жүйесін бағалау» аудиторлық есебі бекітілді.



Корпоративтік басқаруды бағалау үш негізгі құрауыш бойынша жүргізілді: Құрылымы, Процестері және Ашықтығы бойынша және «Қазына Капитал Менеджмент»АҚ-да корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесінде көзделген корпоративтік басқару жүйесінің критерийлерін орындауға бағытталған.

Диагностиканың қорытындысы бойынша Қоғам Басқармасының үздік әлемдік тәжірибе талаптарына сәйкестігін бағалау 88,6% құрады, бұрын 2019 жылдың қорытындысы бойынша нәтиже 77,7% құрады.

Анықталғандарды жою мақсатында Ішкі аудит қызметі ҚКМ корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша тиісті ұсынымдар берді.

БКМ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен (№ 2/22 хаттама) аудиторлық тапсырманы орындау барысында анықталған жоғарыда көрсетілген анықтауларды қарау нәтижелері бойынша аудит объектісі «Корпоративтік басқару жүйесін бағалау» аудиторлық тапсырманың нәтижелері бойынша ҚКМ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі Іс-шаралар жоспарын «Корпоративтік басқару жүйесін бағалау» аудитінің нәтижелері бойынша Қоғам бойынша түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдарының жоспары түрінде бекітті.

2022 жылы корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалау жүргізу жоспарлануда.

5.2.1. Жалғыз акционер туралы ақпарат

ҚКМ жалғыз акционері «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығына және «Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 мамырдағы № 516 қаулысына сәйкес құрылған «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ болып табылады.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның миссиясы Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы және «Стратегия – 2050» мақсаттарына қол жеткізу болып табылады.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ пайымы – үздік стандарттарға сәйкес бизнеске арналған қолдау құралдарын ұсынатын және Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру деңгейін арттыратын озық даму институты.

Қазақстанның тұрақты дамуы бойынша өз миссиясын іске асыру шеңберінде Холдинг шешетін негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

1. экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
2. кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту;
3. шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау;
4. өнімділікті арттыру;
5. агроөнеркәсіптік кешенде қаржыландырудың қолжетімділігін, өндірісті техникалық жарақтандыру және қарқынды деңгейін арттыру;
6. экономиканың урбанизациясын қолдау;

Қызметтің стратегиялық бағыттары:

1. кәсіпкерлікті қолдау;
2. агроөнеркәсіптік кешенді дамыту;
3. халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5.2.2. Директорлар кеңесі туралы ақпарат

ҚКМ қызметіне жалпы басшылықты Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне және Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Директорлар кеңесі өз өкілеттігін «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), Қоғамның жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Бұл ретте, ҚКМ Директорлар кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- даму стратегиясын айқындау (бағыттары мен нәтижелері);
- даму стратегиясында және/немесе ҚКМ даму жоспарында белгіленген қызметтің негізгі көрсеткіштерін жеткізу және мониторингілеу;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және бақылау;

- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды іске асырудың тиімді жұмыс істеуін бекіту және мониторингілеу;
- сайлау/қайта сайлау (Басқарма төрағасын қоспағанда), сыйақы, сабақтастықты жоспарлау және атқарушы орган мүшелерінің қызметін бақылау;
- корпоративтік басқару және т. б.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның (36-бабының 1-тармағының 5) тармақшасы) және Жарғының талаптарына сәйкес, сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату Жалғыз акционердің – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ атынан айрықша құзыреті болып табылады.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚКМ Директорлар кеңесі келесі құрамда ұсынылды:

Айдар Әбдіразақұлы Әріпханов	– ҚКМ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы;
Әділ Ерғалиұлы Нұрғожин	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры;
Пейдж Николас Роберт	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Әнуар Даниярұлы Үшбаев	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Айнұр Сайынқызы Қуатова	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚКМ Басқарма төрағасы.

2021 жылғы 16 маусымда ҚКМ жалғыз акционері ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі Айдар Әбдіразақұлы Әріпхановтың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының № 30/21 хаттамасы). ҚКМ Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімімен қатар ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған Әділ Бектасұлы Мұхамеджанов осы шешіммен ҚКМ Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлау ұсынылды. 2021 жылғы 18 маусымда ҚКМ Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 9/21 бетпе-бет отырысының хаттамасы) Әділ Бектасұлы Мұхамеджанов жалпы ҚКМ Директорлар кеңесінің

өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен ҚКМ Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

2021 жылғы 28 шілдеде ҚКМ Жалғыз акционері 2021 жылғы 19 шілдеден бастап ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі Әділ Ерғалиұлы Нұрғожиннің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдады («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының бетпе-бет отырысының № 39/21 хаттамасы). Аталған шешіммен қатар, Сон Вячеслав Владимирович ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі ретінде жалпы ҚКМ Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттілік мерзіммен сайланды.

2021 жылдың 31 желтоқсанына ҚКМ Директорлар кеңесінің құрамы:

Әділ Бектасұлы Мұхамеджанов	– ҚКМ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
Сон Вячеслав Владимирович	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры;
Пейдж Николас Роберт	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Әнуар Даниярұлы Үшбаев	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор
Айнұр Сайынқызы Қуатова	– ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚКМ Басқарма төрағасы.

Тәуелсіз директорлар туралы ақпарат

Корпоративтік басқарудың әлемдік тәжірибесіне және Заң талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің объективті шешімдер қабылдауының кепілі болып табылатын тәуелсіз директорлардың болуы қажет. Олардың саны Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс.

Заңның 1-бабының 20-тармақшасына сәйкес тәуелсіз директор – бұл (1) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда) Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын, (2) осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары – ұйымдарының лауазымды адамдарына бағыныстылықпен байланысты емес және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылықпен байланысты

емес; (3) мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; (4) осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайтын және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болмаған; (5) осы акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспаған және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар Николас Пейдж және Әнуар Үшбаев енгізілді, олар аталған тәуелсіздік белгілеріне жауап берді.

Бұдан басқа, Қоғам мен тәуелсіз директорлар арасында жасалған келісімдерде тәуелсіз директордың мүдделер қақтығысына қатысты талаптарды сақтау міндеті және тиісті ақпаратты ұсынбағаны үшін жауапкершілік көзделген.

Директорлар кеңесінің құрамы:



**ӘДІЛ
БЕКТАСҰЛЫ
МҰХАМЕДЖАНОВ**

Әділ Бектасұлы Мұхамеджанов – «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары.

Әділ Мұхамеджанов (1981 ж.т.) Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін «экономист» біліктілігімен, Ноттингем университетін (Ұлыбритания), EMBA бағдарламасы бойынша Сисадо Booth Бизнес мектебін бітірген.

Корпоративтік басқару саласында 17 жылдан астам еңбек өтілі бар. Еңбек жолын 2003 жылғы қазанда «Қазтрансойл» ЖАҚ Жобаларды басқару департаментінің маманы болып бастады. 2004 жылғы наурыздан бастап 2016 жылғы наурызға дейінгі кезеңде «Caspian Energy Inc» PLS Канада, Торонто, «Арал Петролиум Капитал» ЖАҚ қаржы менеджері, Вице-Президент лауазымдарында жұмыс істеді, сондай-ақ аталған компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі болды. 2010 жылдың қыркүйегінен 2011 жылдың желтоқсанына дейін – «Отан» ашық жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы болды. 2008 жылғы мамырдан 2016 жылғы мамырға дейінгі кезеңде – «АзияКредитБанк» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі. 2016 жылғы қыркүйектен 2021 жылғы мамырға дейін – «Қазақстан Тұрғын үй компаниясы» АҚ Басқарма Төрағасы. 2021 жылғы мамырда Директорлар кеңесінің шешімімен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Қоса атқарған жұмысы және ДК/БК мүшелігі: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (16.06.2021 бастап), «Даму» КДҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (16.06.2021 бастап), «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (16.06.2021 бастап).

ҚКМ және оның ЕҰ акцияларын иеленуі: ие емес.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасының азаматы



**СОН
ВЯЧЕСЛАВ
ВЛАДИМИРОВИЧ**

Сон Вячеслав Владимирович – 2021 жылғы 28 шілдеден бастап ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің, Аудит және тәуекелдер комитетінің және Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің мүшесі.

Вячеслав Сон (1982 жылы туған) Қазақ гуманитарлық заң университетін (құқықтану), Қазіргі гуманитарлық университетті (лингвистика), сондай-ақ Халықаралық бизнес университетін (МВА, қаржы және несие) бітірген.

Квзимемлекеттік секторда, корпоративтік басқару саласында үлкен жұмыс тәжірибесі бар:

- 2002 жылдан бастап 2009 жылға дейін – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ заңгері, бас заңгері, Заң басқармасының бастығы, Заң департаментінің директоры;
- 2009 жылдан бастап 2011 жылға дейін – «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Әкімшілік және құқықтық жұмыс жөніндегі басқарушы директоры;
- 2011–2012 жылдары – «Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ жобаларды дамыту жөніндегі басқарушы директоры;
- 2012 жылдан бастап 2013 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Қазарнаулыэкспорт» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны аппаратының басшысы, Бас директорының орынбасары;
- 2013 жылдан бастап 2016 жылға дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры;
- 2018 жылдың қаңтарынан бастап қазіргі күнге дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры.

Қоса атқарған жұмысы және ДК/БК мүшелігі: Жоқ, ҚКМ және оның ЕҰ акцияларын иеленуі: ие емес.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасының азаматы



**НИКОЛАС
РОБЕРТ
ПЕЙДЖ**

Николас Роберт Пейдж-ҚКМ Директорлар кеңесінің мүшесі, 2020 жылғы 22 қазаннан бастап тәуелсіз директоры, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің және стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеттің төрағасы, сондай-ақ Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі.

Николас Пейдж (1968 жылы туған) 1990 жылы Loughborough University университетін «Азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша үздік бітірді және Англия мен Уэльстеги дипломды бухгалтерлер институтының (ICAEW) мүшесі болып табылады.

Пейдж мырзаның Халықаралық қаржы және бірігу мен қарамағына алу мәмілелері саласында 30 жылдық кәсіби тәжірибесі бар. 2020 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Пейдж мырза Arabesque компаниясының қаржы директоры болып табылады, компания активтер мен деректерді басқаруда орнықты даму және жасанды интеллект тәжірибелерін енгізумен айналысады. 2016–2019 жылдары Ұлыбританиядағы PricewaterhouseCoopers LLP серіктесі болды, онда қаржы институттары мен жеке инвесторларға бірігу және сатып алу мәмілелері бойынша кеңес берді, сонымен қатар бірқатар басшылық қызметтерді атқарды. Пейдж мырза EuroChem Group AG және SUEK Group компанияларының директорлар кеңесінде атқарушы емес директор болды. 1990 жылдан бастап 2016 жылға дейін PricewaterhouseCoopers компаниясында, BNP Paribas-та акциялар бойынша талдаушы, AIM Capital SE-де Бас директор және EuroChem Group AG және SUEK Group-та Тәуелсіз директор болып жұмыс істеді.

Қоса атқарған жұмысы және ДК/БК мүшелігі: Атқарушы директор, Директорлар кеңесінің мүшесі және Arabesque Holding Ltd (FKA Arabesque Asset Management Holdings Ltd) Атқарушы комитетінің мүшесі (2020 – қазіргі уақытқа дейін).

ҚКМ және оның ЕҰ акцияларын иеленуі: ие емес.
Азаматтығы– Ұлыбритания.



**АНУАР
ДАНИЯРОВИЧ
ҮШБАЕВ**

Ануар Даниярович Үшбаев – 2020 жылғы 22 қазаннан бастап ҚКМ Директорлар Кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы. Аудит және тәуекелдер комитетінің және Стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік даму комитетінің мүшесі.

Әнуар Үшбаев (1988 ж. т.) экономика бакалавры, University of Warwick, Қолданбалы математика және қаржы магистрі, Imperial College London дәрежесіне ие, Инвестициялық банкингте, капитал нарықтарында және Еуропа мен Еуразия континенті елдеріндегі инвестицияларды басқаруда мол тәжірибеге ие, биржалық және жеке инвестициялау, корпоративтік қаржы мәмілелерін сүйемелдеу, макроэкономикалық саясат бойынша маман болып табылады.

Ұлыбритания мен Франциядағы Société Générale CIB-те акционерлік және борыштық капиталды тарту, бірігу және сатып алу мәмілелері бойынша келіссөздер мен транзакцияларды құрылымдауда айтарлықтай тәжірибесі бар. Бұрын Әнуар Үшбаев Société Générale CIB-те институционалдық клиенттер (банктер, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары), сондай-ақ негізінен дамушы елдердің корпоративтік клиенттері үшін активтер мен пассивтерді басқару бойынша кешенді құрылымдалған шешімдерді әзірлеуге назар аударған. Лондондағы Goldman Sachs-тегі Systematic Alpha Trading тобында деривативтер мен алгоритмдік сауданы пайдалана отырып, статистикалық арбитраж негізінде сауда стратегиялары мен инвестициялық шешімдерді әзірлеумен айналысты.

Қоса атқарған жұмысы және ДК/БК мүшелігі: «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (29.03.2021 ж. бастап), «Baiterek Venture Fund» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (28.10.2021 ж. бастап), «Лизинг Групп» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (09.11.2020 бастап), «Tengri Partners Investment Banking (Kazakhstan)» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі (21.12.2018 – 26.03.2021).

ҚКМ және оның ЕҰ акцияларын иеленуі: ие емес.
Азаматтығы – Қазақстан Республикасының азаматы



**АЙНҰР
САИНҚЫЗЫ
ҚУАТОВА**

Айнұр Саинқызы Куатова – 2020 жылғы 6 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғам Басқармасының Төрағасы.

Айнұр Куатова (1973 ж.т.) Middlesex University іскерлік әкімшілендіру магистрі және Қазақ мемлекеттік басқару академиясының экономика бакалавры дәрежелеріне ие.

«Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамына тағайындалғанға дейін 2016 жылдан бастап «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі лауазымын атқарды, жобалық қаржыландыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік, экспорттық қолдау мәселелеріне және инвесторлармен жұмыс істеуге жетекшілік етті.

Мемлекеттік қызметте және корпоративтік басқару саласында 20 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар.

2012 жылдан 2015 жылға дейін «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасының бизнесті трансформациялау және стратегия жөніндегі орынбасары және «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары лауазымдарын атқарды.

Әр жылдары «Ланкастер Инвест» АҚ, «КМК Мұнай» АҚ, «Карповский Северный» АҚ компанияларында басшылық қызметтерді атқарған. Мемлекеттік қызметте Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің бөлім бастығы және Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің кеңесшісі ретінде жұмыс істеді.

Қоса атқарған жұмысы және ДК/БК мүшелігі: «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі (25.12.2020 – 27.01.2022).

ҚКМ және оның ЕҰ акцияларын иеленуі: ие емес.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасының азаматы

ҚКМ Директорлар кеңесінің комитеттері

Ең маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін ҚКМ-де мынадай комитеттер құрылып, жұмыс істейді:

- Аудит және тәуекелдер комитеті;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті.

Корпоративтік басқарудың жалпы қабылданған қағидаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің комитеттерін тәуелсіз директорлар арасынан Директорлар кеңесінің мүшелері басқарады.

ҚКМ Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі Комитеті – Директорлар кеңесіне қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін орнату бойынша, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін мониторингілеу бойынша ұсынымдар дайындау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында құрылған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің тәуелсіздігін, Қазақстан Республикасы заңнамасының, ішкі құжаттардың сақталуын бақылау бойынша, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесіне қызметтің (дамудың) басым бағыттарын әзірлеу және қоғамда тәуекелдерді басқарудың барабар жүйесінің жұмыс істеуі, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және нығайту мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау үшін жауапты болады.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚКМ Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің құрамы:

- Н. Р. Пейдж – Комитет Төрағасы;
- Ә. Д. Үшбаев – Комитет Мүшесі;
- Ә.Е. Нұрғожин – Комитет Мүшесі.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚКМ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің құрамы:

АУДИТ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ОТЫРЫСТАРҒА ҚАТЫСУЫ:

Комитет Мүшелері	№ 1/21 27.01	№ 2/21 25.02	№ 3/21 17.03	№ 4/21 21.04	№ 5/21 03.06	№ 6/21 18.06	№ 7/21 22.07	№ 8/21 08.09	№ 9/21 10.11	№ 10/21 06.12	№ 11/21 27.12
Н. Р. Пейдж	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Ә.Д. Үшбаев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Ә.Е. Нұрғожин	+	+	+	+	+	+					
В.В. Сон							+	+	+	+	+

Шартты белгілер:

1) «+»- *бетпе-бет қатысқан;*

2) «бос ұяшық» – *Комитет мүшесі емес.*

- Н. Р. Пейдж – Комитет Төрағасы;
- В. В. Сон – Комитет Мүшесі;
- Ә. Д. Үшбаев – Комитет Мүшесі;

2021 жылы ҚКМ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 11 отырысы өткізілді, 43 мәселе қаралды және ҚКМ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірленді, соның ішінде:

- ҚКМ тәуекелдері бойынша есептерді алдын ала қарау;
- «Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау» аудиторлық есебін және «Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау» аудиторлық тапсырмасының нәтижелері бойынша түзету іс-қимылдары жоспарын алдын ала қарау туралы;
- «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі жұмысының 2020 жылғы сапасын ішкі бағалау нәтижелері жөніндегі есепті алдын ала қарау туралы;
- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметінің 2020 жылғы жұмысы туралы есепті және «Қазына Капитал Менеджмент» акционерлік қоғамының Ішкі аудит қызметі басшысының 2020 жылғы жұмысы мен жеке-іскерлік құзыреттерінің дамуының негізгі көрсеткіштерінің орындалуын бағалау нәтижелерін алдын ала қарау туралы;
- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамында Сыртқы аудитті ұйымдастыру саясатын бекіту туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті туралы Ережені алдын ала бекіту туралы;
- ҚКМ 2020 жылғы жылдық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігін алдын ала қарау;
- ҚКМ Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жүйелі есептерді қарау;
- ҚКМ Ішкі аудит қызметінің жұмысын реттейтін құжаттардың жобаларын қарау;
- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының 2022 жылға арналған тәуекел дәрежесін алдын ала қарау туралы;
- Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарын қарау.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Директорлар кеңесінің кадр саясаты, тағайындаулар мен сыйақылар жүйесі саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді тереңдете пысықтау және мониторинг жүргізу арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыру үшін, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің, Қоғамның Басқарма мүшелерінің қызметін тұтастай және жекелей бағалау, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау үшін құрылған.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

- Ә. Д. Үшбаев – Комитет Төрағасы;
- Н. Р. Пейдж – Комитет Мүшесі;
- Ә.Е. Нұрғожин – Комитет Мүшесі.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

- Ә. Д. Үшбаев – Комитет Төрағасы;
- Н. Р. Пейдж – Комитет Мүшесі;
- В. В. Сон – Комитет Мүшесі.

2021 жылы Комитеттің 13 күндізгі отырысы өткізілді, 45 мәселе қаралды және ҚКМ Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар әзірленді, оның ішінде:

- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының Омбудсменін тағайындау және оның өкілеттік мерзімін айқындау туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін Ішкі аудит қызметі қызметкерлері мен Корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру, қызметінің тиімділігін бағалау

2021 жылы Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің отырыстарына қатысу:

Комитет Мүшелері	№ 1/21 27.01	№ 2/21 25.02	№ 3/21 17.03	№ 4/21 21.04	№ 5/21 03.06	№ 6/21 18.06	№ 7/21 01.07	№ 8/21 22.07	№ 9/21 08.09	№ 10/21 28.10	№ 11/21 10.11	№ 12/21 06.12	№ 13/21 27.12
Ә.Д. Үшбаев	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Н. Р. Пейдж	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Ә.Е. Нұрғожин	+	+	+	+	+	+	+						
В.В. Сон										+	+	+	+

1) + *бетпе-бет қатысқан;*

2) *бос ұяшық – Комитет мүшесі емес.*

Қоғамның Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті

– орта және ұзақ мерзімді перспективада Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға, оның рентабельді қызметі мен тұрақты дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, қызметтің (дамудың) басым бағыттарын, стратегиялық мақсаттарды (даму стратегияларын), Корпоративтік даму

және оларға әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларына өзгерістерді алдын ала қарау туралы;

- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті туралы Ережені алдын ала бекіту туралы;
- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің 2020 жылғы қызметіне бағалау жүргізу туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «Baiterek Venture Fund» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы мәселелерді алдын ала қарау туралы;
- Қазына Капитал Менеджмент акционерлік қоғамы қызметкерлерінің жалпы санын бекіту туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
